

#Жаңақазақстан

Қолға алынып жатқан өзгерістердің басты міндеті – халықтың әлауатын арттыру, мемлекеттілігімізді мейлінше нығайту және қоғамды үйлесімді дамыту. Бұл міндеттерді орындауға еліміздің әрбір азаматы атсалысуы қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ӘКІМ



ЗАМАНАУИ МЕКТЕП ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

4

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ



СЕЗІМ, ТӨЗІМ ЖӘНЕ СЕНІМ

22

НӨМІРДІҢ НАҚЫЛЫ

Адамға тіл, құлақ
қандай керек
болса... білім де
сондай керек.

Ахмет
БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

1.09.2022

Түнде:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+29+31 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

2.09.2022

Түнде:



+16+18 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+32 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №100 (6235) 1 қыркүйек, бейсенбі, 2022 жыл.

КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ!



Міне, жаңа оқу жылы да басталды. Ала жаздай алаңсыз ойын қызығының көрігін қыздырған балалар бір сәтте етек-жеңін жинап, ұйқыларын қия таңмен таласа тұрып, әдемі киімдерін киіп, су жаңа сөмкелерін арқалап, бір құшақ гүлін құшақтап, ұстазына, білім ұясына қарай асыға басып кетіп барады. Олар да кішкентай жүрегімен өзіне ойынмен бірге, білім де ауадай керек екенін сезінеді, түсінеді. Міне, Жаңа Қазақстанды жасайтын сол өрендер!

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АЛМАТЫ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫН

Қала әкімі Ерболат Досаев
жылыту маусымына дайындық барысымен танысты



Ерболат Досаев жұмыс сапарымен Алматыда орналасқан қазандықтар мен ЖЭО-2-ні аралады, сондай-ақ Алматы әкімдігі басқармалары мен коммуналдық кәсіпорындар басшыларының қатысуымен мегаполисті жылу беру маусымына дайындау мәселелері бойынша көшпелі кеңес өткізді.

ҚЫСҚА...

- Бүгін, 1 қыркүйекте, сағат 11.00-де Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жариялайды.
- 5 қыркүйек күні Мемлекет басшысы Қостанай облысына жұмыс сапары аясында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойының ресми іс-шараларына қатысады.
- Ералы Тоғжанов Ақтөбе облысының әкімі болып тағайындалды.
- Дархан Сатыбалды Түркістан облысының әкімі болып тағайындалды.
- Қазақстан Пәкістанға гуманитарлық көмек көрсетеді.
- «IQ Алматы» бағдарламасы көрерменмен қайта қауышады.
- «Birgemiz: Taza Alem» жобасына 8 мың эковолонтер тартылады.
- Білім күні елімізде 80-ге жуық жаңа мектеп ашылады.
- Жыл соңына дейін елімізде барлығы 230-дан астам мектепті пайдалануға беру жоспарланып отыр.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхаммед бен Абдулрахман Әл Таниды қабылдады.

Кездесуде қазақ-қатар қарым-қатынастарын дамыту перспективалары талқыланды. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге, соның ішінде экономиканың негізгі салаларында бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыруға ерекше назар аударылды. Сонымен қатар тараптар халықаралық ұйымдар аясындағы өзара іс-қимылды қарастырып, өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Мемлекет басшысы қыркүйек айында Эр-Риядта өтетін Орталық Азия және Парсы шығанағы елдері сыртқы істер ведомстволары басшыларының диалог алаңының бірінші отырысын құптайтынын жеткізді. Мұхаммед бен Абдулрахман Әл Тани Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қатар Әмірінің сәлемін жеткізіп, оның жуық арада Қазақстанға келетінін растады.

■ СЕНАТ

Сенаттың баспасөз қызметі хабарлағандай, Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезіне дайындық барысы туралы айтты.

Төраға осынау алқалы жиынның маңызы туралы айтып, биылғы форумның жаңа геосаяси ахуалдағы ерекшеліктеріне жан-жақты тоқталды. Спикер дін лидерлерінің Съезін шақыру Қазақстанның жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты ортақ күш-жігерді біріктіруге деген ұмтылысынан туындағанын, сол кезеңде Съезд Хатшылығының басшысы ретінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев форумды өткізудің бастауында тұрғанын атап өтті. «*Біздің халқымыз ежелден ашықтық, бейбітшілікке төзімділік қағидаларын ұстанған. Біз әрқашан басқа діндерге құрметпен қарап келеміз. Ашықтық және толеранттылық мәдениеті белгілі бір дәрежеде біздің тарихымыздың, географиямыздың және шексіз даламыздың көрінісіндей. Дәл осындай құндылықтар біздің ұлттық кодымыздың маңызды бөлігін құрайды. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан этникааралық және конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісін қалыптастырды. Ол уақыт сынынан өтіп, өзінің тұрақтылығы мен келешегі зор екенін көрсете алды*», – деді Мәулен Әшімбаев.

■ ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезі дін лидерлерінің қатысуы тұрғысынан мәртебесі жоғары болмақ. Биыл форумға Съезд тарихында алғаш рет Рим Папасы қатысады.

Сенат Спикерінің айтуынша, алғашқы съезд 2003 жылы өткізілген. Оған 17 діни ұйымның, оның ішінде әлемдік діндердің лидерлері мен өкілдері келген. Арадағы 20 жылда 6 съезд өткен. Әр Съезд әлемде диалог мәдениетін тарату, өзара түсіністікті арттыру, әлемдік және дәстүрлі діндерді жақындастыру, рухани көшбасшылардың адамзат дамуының өзекті проблемалары бойынша бірыңғай ұстанымды әзірлеуі тұрғысынан маңызды рөл атқарды.

«*Қазіргі таңда 100-ден астам дін лидерлері мен діни ұйымдардың басшылары өздерінің қатысатынын растады. Бұдан басқа, жетінші Съезд кезінде әлемнің көптеген елдері мен әлеуметтік топтар үшін өзекті мәселелер көтеріледі. Атап айтқанда, радикализмді, сенімсіздікті, ксенофобияны еңсеру жолында білім беру мен діни азартуды дамытуға, әр діннің бейбіт өмір сүруін қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді қозғайтын секциялық отырыстар болады. Секциялық отырыста әйелдердің отбасы мен қоғамдағы мәртебесін нығайтудағы қазіргі діни ұйымдардың рөлі туралы мәселе де сөз болады. Сондықтан бұл Съезден әлемдік қоғамдастық, әлемдік БАҚ үлкен үміт күтіп отыр*», – деді Мәулен Әшімбаев.

■ МӘЖІЛІС

Мәжіліс депутаты Ғазиз Құлахметов Алматыда IT стартаптардың (қоғамдастықтың) өкілдерімен кездесті.

Мәжілістің баспасөз қызметі келтірген мәліметке сүйенсек, бүгінде 90–95 пайыз IT маман нелері қолдаудың жоқтығы салдарынан басқа кәсіппен айналысуға мәжбүр. Ал кәсіпін сәтті жалғастырып келе жатқан әртүрлі он стартаптың өкілдері ағартушылық мақсатпен қауымдастыққа бірігуде. Депутат атап өткендей, қазір ақпараттық технологиядан хабары бар әрбір қазақстандық күніне кемінде 100 минут уақытын интернетке жұмсайды. Сарапшылардың есебін ше, смартфон иелерінің 60 пайызы мобильді интернетті өте белсенді пайдаланады. Ақпараттық қосымшалардың арқасында адамдар күнделікті тұрмысын өз уақыты мен ыңғайына икемдеуге әуес. Инновациялардың көмегімен күрделі іскерлік операцияларды жүзеге асыру үшін уақыт тығыздығы, жер қашықтығы деген ұғымдар кедергі болудан қалып бара жатқаны да рас. Депутаттың пікірінше, елімізде смарт қалалар санын арттырудың экономикалық тиімділігі зор. «*Технологияның дамуы біздің де талап, таламдарымызды өзгерте бастады. Әсіресе, тұрғындар мен қалалық кеңістіктің қарым-қатынасынан үлкен жаңашылдық анық сезіледі. Телефонмен такси шақыру, тамаққа тапсырыс беру, сан алуан төлемдерді жасау, құжат алу, дәрігерге жазылу сияқты толып жатқан тың жаңалықтардың куәсіміз. Осылайша ақылды-сандық кеңістікті (қала, ауыл) жедел қалыптастыру мемлекетіміз үшін өте маңызды шаралардың бірі*», – деді Ғазиз Құлахметов.

■ ҮКІМЕТ

Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Қазақстанның 2023–2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы және 2023–2025 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру жөніндегі заң жобалары қаралды.

«*2023–2025 жылдары жалпы ішкі өнімнің өсімі 4-4,1% деңгейінде болады деп болжанып отыр. Инфляцияның орташа жылдық деңгейі 2025 жылға қарай 3-4%-ға төмендейді деп жоспарлануда. Республикалық бюджет кірістері 2023 жылы 3 трлн теңгеге ұлаяды. Осылайша республикалық бюджет кірістерінің жоғары деңгейде өсу қарқынын қамтамасыз етеміз*», – деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы Ұлттық қордан республикалық бюджетке бөлінетін трансферттер едәуір төмендейтінін атап өтті. Олар 2023 жылы 1,4 трлн теңгеге, 2024 жылы тағы 800 млрд және 2025 жылы тағы 500 млрд теңгеге азаятын болады. Әлихан Смайыловтың айтуынша, бюджет әлеуметтік сипатқа ие. Әлеуметтік салаға 2023 жылы 8 трлн теңге көзделген. «*Біздің міндетіміз – бюджет қаражатын тиімді пайдалану*», – деді Премьер-Министр.

■ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

Ерлан ҚАРИН:

ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН БАСТАМАЛАР жаңа реформалар үшін негіз қалыптастырады

ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин өзінің телеграм арнасында бүгін, 1 қыркүйек күні, Мемлекет басшысы Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялайтынын тілге тиек етті. Онда елдің таяу кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі басымдықтары айқындалатынын мәлімдеп, өткен жылғы Президент Жолдауының іске асырылу қорытындылары жөнінде жазды.



20%-ға кезең-кезеңімен ұлғайтуды атап өту қажет. Сондай-ақ, заңнамаға ең төменгі жалақыны 60 мың теңгеге дейін арттыру және оны салық, әлеуметтік және басқа да салаларда есептік көрсеткіш ретінде алып тастау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді», – деп жазды Ерлан Қарин.

2025 жылдың соңына дейін кемінде 1000 мектеп салу бойынша Жол картасы бекітілген. Тұрғын үй мәселелерін шешу үшін «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша «Отбасы банкі» арқылы жалпы сомасы 230 миллиард теңгеге жуық 20 мыңнан астам жеңілдікті қарыз берілген.

«Ұлт денсаулығын нығайту үшін нақты қадамдар жасалды. Мәселен, елімізде «Биологиялық қауіпсіздік туралы» Заң қолданыла бастады, халықтың ДДҰ-да тіркелген коронавирустық инфекцияға қарсы вакциналарға қолжетімділігі

қамтамасыз етілді», делінген жазбада.

Ерлан Қарин саяси жаңғыру мен адам құқықтарын қорғау блогы толықтай дерлік іске асырылғанын мәлімдеді. Атап айтқанда, «адам құқықтарын қорғау жүйесін нығайту және заңдылықты қамтамасыз ету үшін аса ауыр санаттағы қылмыстық істер бойынша айыптау актілерін дайындау бөлігінде прокурорлардың құзыреті кеңейтілді. Уәкілетті органдар 2022 жылға арналған алаяқтық пен қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл бойынша бірлескен іс-шаралар кешенін іске асырып келеді. Заң шығару жұмысы шеңберінде білім беру саласында, стресті активтер нарығын дамыту туралы және басқа да заңдар қабылданған. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспары, 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы бекітілген».

Бұл жұмыстардың барлығы әрі қарай жалғасатынын айтқан Ерлан Қарин Мемлекет басшысы ұсынған барлық бастамалар дәйекті түрде практикада іске асырылып, азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға және елдің орнықты дамуына тікелей әсер ететінін мәлімдеді. «Осылайша іске асырылған бастамалар жаңа реформалар үшін негіз қалыптастырады», – деп қорытындылады Мемлекеттік кеңесші.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ ӘКІМ

АЛМАТЫ – ЖАСТАР ҚАЛАСЫ

Жоғары оқу орындарының жаңа оқу жылына дайындығы талқыланды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Кездесуге қала басшысы Ерболат Досаев, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, жоғары оқу орындарының ректорлары, басқарма басшылары, мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.



Айжан БҮРКІТБАЕВА

Қала әкімі өз сөзінде Алматының жастар қаласы екенін атап өтті. Мегаполисте 14–35 жас аралығындағы 700 мыңнан астам жас тұрады, бұл тұрғындардың жалпы санының 37%-ын құрайды. Алматы қаласы еліміздің барлық студенттер контингентінің 30%-ын құрайды, бұл қаланы Қазақстанның студенттік орталығына айналдырады. Кеңес барысында оқушыларды жатақханамен қамтамасыз ету, түлектерді жұмысқа орналастыру және қаладан тыс жерлерден келген студенттерді әлеуметтендіру мәселелері қаралды. Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша жатақхана орындарының тапшылығы 32 мың орынды құрады, қаланың 36 жоғары оқу орнында 182 мың студент білім алған. Оның ішінде 112 мың – басқа қалалардан келгендер.

Білім беру гранттары санының өсуіне байланысты басқа өңірлерден келген студенттер саны 125 мыңға дейін өсуі мүмкін. Осы жылы жатақхана салуды жоспарла-

ған төрт университеттің ішінен тек Гончаров атындағы университет жұмысқа кіріскен. ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ мен ХАТУ дайындық үстінде. Қала әкімі жоғары оқу орындарының басшылығына жатақхана құрылысын жеделдету қажеттігін атап өтті.

Ерболат Досаев қала әкімдігінің жауапты басқармаларына рұқсат құжаттарын беруге көмек көрсетуді тапсырды. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарына ынтымақтастыққа дайын хостелдерді, қонақүйлерді, жеке жатақханаларды іздеуге көмек көрсету туралы шешім қабылданды.

Жиын барысында Жастар саясаты басқармасы мәслихат депутаттарымен және қоғамдық кеңес мүшелерімен бірлесіп өткізген жатақханалар мен оқу корпусстары мониторингінің нәтижелері ұсынылды. Тексеру қорытындысы бойынша, қаланың 95 жатақханасының 12-сі жаңа оқу жылына толық дайын емес, өрт қауіпсіздігі нормаларының, санитарлық жағдайлардың бұзылуы, бөгде адамдардың тұру фактілері және т.б. анықталды.

Кездесуге қатысушылар, сондай-ақ, студенттерді мегаполистегі

өмір жағдайларына бейімдеу және әлеуметтендіру мәселелерін талқылады. Бұл мәселе, әсіресе, студенттердің 70%-ы басқа қалалардан келетінін ескере отырып, өзекті болып табылады. Халықты жұмыспен қамту орталығының мәліметінше, ЖОО-ның 12 мыңға жуық түлегі оқуын аяқтағаннан кейін бір жыл ішінде жұмысқа орналаса алмайды.

Бұл мәселені шешу үшін қалалық мансап орталығын, сондай-ақ комьюнити-орталықтардағы мансап секторларын құру туралы шешім қабылданды, олар жас жұмыссыздар мен түлектер, бос жұмыс орындары мен жұмыс берушілер бойынша деректерді жинауға және талдауға жауапты болады.

Қала әкімі Ерболат Досаев студенттерді орналастыру, әлеуметтендіру және жұмысқа орналастыру мәселелері – жоғары оқу орындарының, бейінді министрліктің және қала әкімдігінің ортақ жұмысы екенін атап өтті. Мегаполис басшысы өзекті мәселелерді шешу бойынша бірлескен және ашық жұмысқа дайын екенін айтты. Кездесу соңында жоғары оқу орындары ректорларының ұсынысы бойынша Ерболат Досаев екі апта ішінде жатақханалар салу кезінде жоғары оқу орындары тап болатын неғұрлым проблемалы мәселелердің тізбесін жасауды тапсырды.



ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АЛМАТЫ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫН

Қала әкімі Ерболат Досаев жылыту маусымына дайындық барысымен танысты



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҒҮЛЫ.



Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Алғашқы объект Бостандық ауданында орналасқан Оңтүстік аудандық қазандық болды. Ерболат Досаев 200 мың тұтынушыны қамти отырып, қаланың оңтүстік ауданында қазандық қуатын арттыруға және энергия тапшылығын жабуға мүмкіндік беретін ірі жылу магистралін қайта құру барысымен танысты.

Бүгінгі күні 4 қазандықтың 2 қазандығын ауыстыру және 1 қазандықты қайта құру бойынша

жұмыстар орындалды. Қала әкімі желілік сорғылар мен №2 қазандық бойынша аяқталмаған жұмыстар жөнінде ескерту берді. Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы жылу беру маусымы басталғанға дейін жұмыстарды аяқтауы қажет. Ерболат Досаев аудандағы жаңа тұрғын үй құрылысына байланысты қуаттылықтың артуымен Оңтүстік аудандық қазандықты кеңейтуді қарастыруды тапсырды.

Сондай-ақ, Алматы қаласының әкіміне «Премьера» қазандығын кеңейту жұмыстарының барысы туралы баяндалды. Жоба 5 қазандық пен қосалқы жабдықты орнатумен жаңа ғимараттың

құрылысын қарастырады. Қала басшысы жылу желілерін гидросынау және жөндеу жұмыстары бойынша барлық жұмыстарды ағымдағы жылдың 25 қыркүйегіне дейін жүргізуді тапсырды. Жалпы, екі қазандықтағы құрылыс жұмыстарын келесі жылдың шілде айында аяқтау жоспарланып отыр. Нәтижесінде қалада жылу энергиясының көлемі едәуір артады, ескі құбырларды ауыстыру ондаған жылдар бойы апат қаупін болдырмайды.

Жұмыс сапары барысында инженерлік желілердің тозуы жоғары екендігі айтылды, оның ішінде электрмен жабдықтау 65%, жылумен жабдықтау 60%, сумен жаб-

дықтау 55,8% және газбен жабдықтау 36%. Дегенмен, инженерлік желілердің тозуын азайту бойынша барлық қажетті іс-шаралар жүргізілуде. Осы бағытта жыл сайын 20 шақырым жылумен жабдықтау желілері, 80 шақырым электрмен жабдықтау, 15 шақырым сумен жабдықтау, 20 шақырым газбен жабдықтау реконструкцияланады және жөнделеді.

Қала басшысы Ерболат Досаев қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін маңызды нысандардың бірі – ЖЭО-2-де болды. Жылыту маусымы қарсаңында кәсіпорында энергетикалық генерациялау жабдығына жөндеу жүргізілуде.

Нысандарды аралағаннан кейін шаһар басшысы көшпелі кеңес өткізіп, оның барысында тұрғын үйлердің, денсаулық сақтау және білім беру нысандарының жылыту маусымына дайындығы, сондай-ақ тұтынушылардың коммуналдық кәсіпорындар алдындағы дебиторлық қарызын бағалау туралы есептерді тыңдады. Қазіргі уақытта Алматыда коммуналдық қызметтер үшін қарыз сомасы 3,2 млрд теңгені құрайды, негізгі борышкерлер жеке тұлғалар болып табылады.

Жалпы, алдағы жылыту маусымына дайындық белгіленген кестеге сәйкес жүргізілуде.

ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚ

Қытайлық инвесторлар Алматының индустриялық аймағында зауыт салуға қызығушылық танытты. Нақтырақ айтсақ, әлемге әйгілі Naton медициналық компаниясы Қазақстанда өкілдік ашуды жоспарлап отыр.

ИНВЕСТИТОРЛАР НАЗАРЫ – БІЗДЕ



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Ықтимал локация ретінде Алматының индустриялық аймағы қарастырылуда, тараптар арасында тиісті келіссөздер жүргізілді. Тиімді ынтымақтастық мүмкіндіктерін таныстыра отырып, «Индустриальная зона – Алматы» ЖШС директоры Әлішер Сатыбалдиев дайын инженерлік инфрақұрылымы бар бос жер учаскелерінің болуы, инвесторларды мемлекеттік деңгейде сүйемелдеу және қолдау, Еуразиялық континенттің транзиттік жолдарының қиылысында Алматының ыңғайлы географиялық жағдайы туралы айтып берді.

Naton компаниялар тобына 18 жоғары технологиялық кәсіпорын кіреді, олардың 2-еуі Германияда және 2-еуі Финляндияда. Бренд ортопедия (жамбас, тізе буындары, омыртқа), травматология, стоматология және спорттық медицина саласындағы медициналық импланттармен кеңінен танымал.

Бас кеңсе Пекиннің солтүстік-батысындағы Чжунгуанцун инновациялық саябағында орналасқан. Компанияның өнімдері әлемнің 130 елінде сатылады, сонымен қатар ғылыми ортада, мысалы, Стэнфорд университетінің ауруханасында және Гарвард медициналық мектебінің жанындағы Массачусетс ауруханасында белсенді қолданылады. Сатудан түскен түсімнің жылдық өсімі соңғы он жылда 29%-ға жеткен, 2019 жылы компанияның пайдасы 1,6 млрд долларды құрады.

Бүгінгі таңда Naton – бұл өнеркәсіп, академиялар, зерттеулер және қолданбалы бағдарламалар үшін интеграцияланған инновациялық платформа. Naton ғылыми-зерттеу орталығы – Қытайдағы ортопедиялық зерттеулер мен халықаралық стандартты әзірлемелерге арналған алғашқы практикалық орталық. Онда 700-ден астам ғылыми-зерттеу жобасы жүзеге асырылды. Жалпы алғанда, компания 541 патентке ие және биорезорбцияланатын полисүтті қышқылын дамытуда әлемдік көшбасшылыққа ие.

ЖОЛСАПАР

«АРМЫСЫҢ, АБАЙ ЕЛІ!»

Наурызбай ауданының 52 өнерпаз зейнеткері Абай облысына өнер сапарын ұйымдастырды.

Аудан ардагерлері бұл сапарға 2020 жылы шықпақ болатын. Мақсат – Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай ұлы хакімнің туған еліне барып, мерейтойына арнап концерт қойып, Семейдегі, Жидебайдағы мұражайлармен танысып, ата-бабаларға Құран бағыштау еді. Пандемиялық шектеулерге байланысты сол екі жыл бұрынғы жоспарланған сапардың сәті быыл тамыз айында түсті.

Наурызбай ауданы Ардагерлер

кеңесінің төрағасы М.Қаркенов Абай еліне сапар Күшікбай батырдың кесенесінен басталғанын тілге тиек етті. Наурызбайлықтар Мұхтар Әуезов дүниеге келген Бөрілі ауылына соғып, жазушының музейін аралапты. Сосын арнайы мұражай-үйге барып, Абай ауданының орталығы – Қарауылға жол тартқан екен. Аудандық мәдениет үйінде ауыл тұрғындары арнайы дайындап келген концерттерін тамашалапты.

– Кезіндегі қыстауға, қазіргі мұражай-үйге кірдік. Мұнда үлкен жаңартулар, кеңейтулер жүргізіліпті. Тек экспонаттар ғана қаз-қалпында, ескі таныстар сияқты көзге жылыушырап қарсы алып тұр. Әйгерімнің күміс ер-тоқымы, Еркежанның сүйек төсегі, көрпешастығы, түс киізі, өз қолымен тіккен әшекей, көз тартар неше түрлі қазақы асыл киімдер, данышпанға губернатор, барон Таубе сыйға тартқан үш ұңғылы аңшы мылтығы, қазан-ошақ, ыдыс-аяқ бәрі өз орнында, қаз-қалпында тұр, – дейді Наурызбай ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Қаркенов.

ФЕСТИВАЛЬ

ЖАЙДАРЛЫ «ЖАЙДАРМАН»



Көк Төбе демалыс саябағында «Қазақстан КВН Одағы» РЖҚБ еліміздің танымал жайдарман топтары арасында арнайы Республикалық Алматы қаласы 1/4 финалдық сайыстарына іріктеу кезеңі – «JAIDARMANOPENAIR» фестивалі өтті.

Фестиваль Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына орай Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды. Еліміздің түкпір-түкпірінен өз аймақтарындағы додаларда топ

жарып жүрген мықты командалар қатысып, өнер көрсетті.

Сондай-ақ, жоғары және премьер лигаларда үздік ойын үлгісін көрсетіп, халықтың қошеметіне бөленіп жүрген танымал жайдарманшылар мен әзіл-сықақ шеберлері қатысты.

Әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ӘКІМ

ЗАМАНАУИ МЕКТЕП ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Алматыда өткен Білім форумында осы және өзге де сауалдарға жауап табылды



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Жаңа оқу жылына дейін білім саласының мамандары ілімнің көкжиегін одан әрі кеңейту мақсатында түрлі ұсыныс-идеялардың басын біріктіріп, тың жобалар қабылдау үшін Тамыз мәслихаттарын өткізген болатын. Жуырда, жаңа оқу жылы қарсаңында Алматы төрінде «Білімді ұлт: білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» деген тақырып аясында алматылық 3 мың ұстаздың және онлайн форматта 20 мың мұғалімнің басын қосқан Алматы қаласы педагогтарының Тамыз форумы өтті. Оған Алматы қаласының әкімі Ерболат ДОСАЕВ пен ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ те қатысты.

**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

Министрдің бізге келуі де тегін емес, Алматы білім саласы бойынша көш бастап тұр. 300-ден астам мектеп, 866 балабақша, жоғары оқу орындарының 30 пайызы шоғырланған Алматы – білім мен ғылымның орталығы, рухани-мәдени бәсі жоғары үлкен қала. Барлық ірі жобалар, заманауи бағдарламалар осы мегаполистен бастау алып, аймақтарға таралып жатыр десек, артық айтқандық емес. Сондықтан Алматыны тың идеялардың орталығы, пилоттық жобалардың қаласы десек те жарасып тұр. Ал Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов осы форумда министрлік барлық пилоттық жобасын Алматы қаласынан бастап жатқанын атап өткен болатын.

– Қазіргі уақытта қалада бірнеше пилоттық жоба іске асырылуда. Оларды біз алдағы

уақытта басқа өңірлерде де іске қосуды жоспарлап отырмыз. Солардың бірі, біз үшін өте қызықты жоба – «Мектеп автобусы». Бұл елордамыз бен халық көп шоғырланған басқа да үлкен қалаларымыз үшін жақсы жоба болады деп есептеймін. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы жылды «Балалар жылы» деп атап, Үкіметке де, әкімдерге де тиісті кешенді жоспарды белгілеп берді. Бұл жоспардың ішінде Алматы қаласы үшін өте маңызды шешім қабылданды. Ол – 1-4-сынып оқушыларын тегіс ыстық тамақпен қамту. Бұл – екінші пилоттық жоба. Алматы қаласының әкімдігі осы пилоттық жобаны іске асыруға кірісіп кетті. Сол үшін Оқу-ағарту министрлігі атынан үлкен алғысымды білдіремін. Бұл қадам оқушылардың үлгеріміне және олардың денсаулығын жақсартуға ықпал ететініне сенімдімін, – деді министр Алматы форумында.

Форум барысында бірқатар ұстаз мара-

патталып, қуанышқа бөленді. Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов алматылық 15 педагогты ведомстволық наградалармен марапаттады.

Алматы оқушылары халықаралық олимпиадаларда да жылда топ жарып жүр. Әлемдік деңгейде бәсекеге түсе алатын білімді, озық ойлы, жаңалық ашуға құштар жеткіншектер дайындап шығарған мұғалімдер де форумда марапатсыз қалмады. Нақтырақ айтсақ, шәкірттері оза шапқан Республикалық физика-математика мектебінің математика пәні мұғалімі Күнғожин Нұрбек, халықаралық «Хэйлибэри» мектебінің математика пәні мұғалімі Жук Владимир Васильевич, Назарбаев зияткерлік мектебінің физика пәні мұғалімі Джумадилаев Қалдархан Нұрмаханұлы, Республикалық физика-математика мектебінің информатика пәні мұғалімі Сатылханов Темірлан Қайратұлы мен Назарбаев зияткерлік мектебінің биология пәні мұғалімі Смаилов Бауыржан Болатұлының 500 теңге тұратын бағалы сертификатпен Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев марапаттады. Сондай-ақ, шаһар басшысы Ерболат Асқарбекұлы қаладағы «Білім-инновация» лицейіне «Орта білім беретін үздік ұйым» байқауының жеңімпазы ретінде 48 млн теңге көлеміндегі сертификатты салтанатты түрде табыс етті.

Форумының екінші бөлімінде №81 мектеп-гимназия директоры Нұрғали Тұрымбетов (Алматы), «Айб» білім беру қорының қамқорлық кеңесінің төрағасы Арам Пахчаниян (Армения) және журналист, «Басқа мектеп» кітабының авторы Александр Мурашев (Ресей) кезектесіп ортаға шығып, жақсы мектептің критерийлері, мектепті жақсартудағы директорлардың атқарар рөлі туралы, заманауи мектептің бет-бейнесі қандай болу керек деген төңіректе тәжірибелерімен, ой-пікірлерімен бөлісті.

Жалпы, Алматы форумында «Қазіргі заманның мектептері қандай талаптарға жауап беруі керек?», «Жекеменшік мектептердің маңызы неде?», «Талантты жастарды мұғалімдікке тарту жолында қандай жұмыстар атқарылуда?», «Қазақстан мектебінде не жетіспейді, нені қолға алу керек?» сынды көптеген өзекті тақырып қозғалды. Республика сарайында пандемиядан кейін алғаш рет үлкен форматта өткен аталмыш форумда шетелдерден де білім саласының мамандары қонаққа келді. Конференцияда Сингапур мұғалімдер одағының бас хатшысы Майк Тируман пен Хельсинки қаласының білім беру департаментінің басшысы Марье Киллөнен әлемдегі білім беру жүйесінің ең үздігі болып саналатын «Сингапурлық феномен», «Финдік білім беру жүйесі» секілді тақырыптарда сөз қозғап, тәжірибелерімен бөлісті.

Тамыз форумында сахнаға жарасымды мектеп формасымен шыққан «Сенім» вокалды хор студиясының өнерлі өрендері өлең айтып, ұстаз қауымын бір серпілтіп тастады.

Педагогикалық қызметкерлердің Тамыз форумы аясында қаланың білім беру жүйесі жұмысының 11 бағыты бойынша стенд-көрме ұйымдастырылды. Онда әртүрлі IT компаниялардың өнімдері, заманауи мектепке қажетті құрылғылар мен техникалар қойылды. Сондай-ақ, екінші қабатында балалардың зейінін ашатын, ілім-білімге жетелейтін кітаптардың, ұлттық бұйымдардың көрмесі ұйымдастырылды.

● ҰСТАЗ

Айжан ҚАСЫМОВА,
№59 мектеп-гимназиясының
директоры:

МЕРЕЙІМ АСЫП-ТАСЫДЫ

Кешегі өткен Алматы білім форумында Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтің өз қолынан «БІ.Алтынсарин» төсбелгісін алып, мерейім өсіп қалды. Бұл – мен үшін үлкен қуаныш, зор мәртебе болды. Ұстаздық қызметте 30 жылдай жүріп, бүкіл саналы ғұмырымды бала тәрбиесі мен біліміне арнап келе жатқан мен секілді жан үшін бұл марапат менің балалық асыл арнамымның орындалып, ізгі мақсат-мұратыма жеткендей әсер қалдырды. Иә, әр адам өз еңбегінің нәтижесін көріп, билік пен қоғам тарапынан осындай құрмет көрсетіліп жатса, қандай керемет! Жаңа істерге ынталандырып, биік белестерді бағындыруға серпін береді. Үлкен қадамдар жасауға күш дарытады. Әлбетте, бұл марапатты тек менің ғана еңбегімнің нәтижесі дей алмаймын. Менің қасымда ұзақ жылдар бойы қоян-қолтық жұмыс істеп, береке-бірлікте қызмет атқарған барша әріптесімнің, қолдау көрсеткен достар мен бауырларымның, №59 мектеп-гимназиясының ұжымының еңбегі деп айтар едім.

Айналайын, жақсыларым, достарым, әріптестерім! Сіздерге де осындай марапат пен табыстар жұғысты болсын деймін. Биікке шықсам, ол сіздердің арқаларыңыз деп біліңіздер. Марапат көрсем, ол сіздердің еңбектеріңіз. Биіктерді бірге бағындыра берейік!

● ШӘКІРТ

Мирас МАКСИМОВ,
№128 мектептің 8-сынып оқушысы:

ЖАҢАЛЫҚҚА ҚҰШТАРМЫЗ

Мен Оқушылар сарайындағы үйірмеге қатысамын. Маған «виртуальды шындық» әлемі ұнайды. Ол мені құпиялылығымен, тылсым күшімен тартады. Біз онда жетекшілеріміздің қолдауымен түрлі сынақтар жасаймыз, өзімізді қызықтырған тақырыптар айналасында зерттеулер жүргіземіз. Форумға ұсынып отырғанымыз «Тіршілік ашағы» деп аталады. Мұнда алып хромосома бейнеленген. Хромосомалар құрылымын және қызметін зерттей отырып, біз көптеген қызықты мәліметтерден хабардар болдық. Біз болашақта тың жаңалықтар ашамыз деп ойлаймын.

● ТҮЙІН:

Бұл форум ұстаз қауымына білім беру сапасын арттыру бойынша нақты кейстерді талқылау үшін диалог және қаланың білім беру жұмысының жүйесін жақсарту үшін тәжірибе алмасу алаңына айнала білді.

● ТӘЖІРИБЕ

Нұрғали ТҰРЫМБЕТОВ,
№81 мектеп-гимназиясының директоры:

БІЗГЕ АШЫҚТЫҚ ТӘН

Мен осы қызметке келгенде, қандай жаңалық әкелсем, қалай заманауи мектеп жасасақ болады деп көп ойландым, көп іздендім, қаланың біраз жекеменшік білім ошағын аралап көрдім. Ол тұста бізде күрделі жөндеу жұмыстары өтіп жатқан кезең болатын, сол жағдай маған үлкен мүмкіндік берді. Мен әуелі заманауи мектеп қалыптастыру жолындағы қадамымды үш бағытқа бөліп алдым: біріншісі – жасымды орта қалыптастыру, екіншісі – менеджментті дамыту, ал үшіншісі – «жаңа ұстаз, жаңа ұрпақ» бағыты.

Байқайсыздар ма, жекеменшік мектептерге кіріп барсаңыз, онда адамды бірден баурап алатын жасымды бір атмосфера бар, яғни әдемі түстер, материалдық-техникалық базасы да қуаттырақ. «Мемлекеттік мектепті де неге сондай деңгейге жеткізбеске» деп ойлады. Сөйтіп, мектебіміздегі күрделі жөндеу жұмыстарын пайдаланып, ішіндегі сарғыш, солғын тартқан түстерден, байырғы, сөздері де әбден ескірген стенділерден арылайық деп шештім. Ұстаз болсын, мейман немесе оқушы болсын, кіріп келгенде, «мынау қандай керемет ашық түстер» деп содан шабыт алатын, ал балалардың зейінін ашатын түстерді қолдандық. Ескі стенділерді электронды стендтерге алмастырдық, ондағы мәліметтер ұстазға да, оқушыға да кез келген уақытта қолжетімді. Сонымен қатар, мектептің брендин қалыптастыру мақсатында өз логотипін жасап шығардық, оны мектептің маңдайшысына қойдық. Жағымды орта қалыптастырдық.

Мектепте менеджментті дамыту керек деп шештік сосын. Бірде жұмысқа самokatпен келе жатып, аялдамаға тоқтай қалсам, бір кісілер соңымнан «қарашы, мына кісі мектеп директоры ғой» деп жатты. Сонда біздің ұғымымызда директор галстук тағып алып, тік келіп, тік кету керек деген шаблон қалыптасып қалған. Ал мен директордың көшбасшы, лидер, менеджментке жақын болғаны дұрыс деп ойлады. Директор қанағарлы емес, ұстазға да, балаға да жақын, ең жақын досы болуы керек деп ойлады. Сөйтіп, әлеуметтік желілерден парақша ашып, күнделікті жұмысқа келгенімді, кетіп бара жатқанымды, бүгін не тындырғанымызды, балалармен бүгін қандай әңгіме-дүкен құрғаныма дейін күнделікті сторисқа салып отырдым. Ютуб-каналымыздан жанды сұхбаттар беріп отырдық. Яғни біз ата-анамен де ашық диалог орната білдік. Міне, біз жасаған заманауи мектептің беталысы. Біз мұнымен тоқтамақ емеспіз.



БРИФИНГ

АЛМАТЫ ҮШІН МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАР

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Құрылыс басқармасының 2022 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жұмыс қорытындылары туралы онлайн форматта брифинг өтті.

1300-ден астам пәтер пайдалануға берілмек

Бүгінде Алматыда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында тұрғын үй құрылысы белсенді жүріп жатыр. Алматы қаласы құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Ұлан Оңалбаевтың мәлімдеуінше, биыл 68 мың шаршы метрден астам тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Ағымдағы жылы 16 тұрғын үйді, яғни 1305 пәтерді немесе 68 мың шаршы метр несиелік және жалдамалы пәтерлерді пайдалануға беру жоспарлануда. Сондай-ақ, жұмыс істейтін жастар үшін ауданы 42 000 шаршы метр 1050 пәтер сатып алуға қаражат қарастырылған. Жалпы, ведомство өкілінің айтуынша, құрылыс жұмыстарының көлемі артты. 7 айда 54 315,4 млн теңге игерілген.

Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде коммерциялық тұрғын үй құрылысын ынталандыру үшін республикалық бюджет қаражатынан 150 көппәтерлі тұрғын үйге инженерлік-коммуникациялық желілер тартылуда. Нәтижесінде 7912 пәтер салынады, оның жарты бөлігі (50%) Мемлекеттік бағдарламалар бойынша жеңілдікпен іске асырылды.

25 білім беру нысанының құрылысы жүргізілуде

Осы тұста тұрғын үйді пайдалануға берумен қатар, білім беру және денсаулық сақтау нысандарының құрылысы да жүріп жатқанын айта кеткен жөн. Спикердің айтуынша, құрылыс салушылар өз учаскелерінде мектептер, балабақшалар мен медициналық мекемелер салуды көздеп отыр.



— Бүгінде қалада 25 білім беру нысанының құрылысы жүріп жатыр. Жыл соңына дейін «Қалқаман-2», «Қайрат», «Дархан», «Мәдениет» және «Нұркент» ықшамаудандарында 7500 орынды 5 мектеп салынады. Сондай-ақ, 670 орынды қосалқы құрылыс нысанын салу арқылы №48, 191, 9 — үш мектеп кеңейтіледі», — деді Ұлан Оңалбаев.

920 орынды «Жас қанат», «Саялы-2», «Айнабұлақ-4», «Ақжар» шағынаудандарында төрт жаңа балабақша салынады. Сондай-ақ, басқарма қарамағында «Ақжар» және «Нұркент» ықшамаудандарында 1350 орынды екі инновациялық шығармашылық орталық салу қарастырылған. Оларды пайдалануға беру 2023 жылдың екінші тоқсанына жоспарланған.

Салауатты өмір

Денсаулық сақтау нысандарының құрылысы — қаланы дамытудың негізгі бағыттарының бірі. Брифинг барысында Алматы қаласы құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Ұлан Оңалбаев: «Қаламызда жергілікті атқарушы органдар денсаулық сақтау жүйесін дамытуға ерекше көңіл бөледі, халыққа медициналық көмек көрсету бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде, емханалар мен ауруханалар заманауи медициналық және технологиялық жабдықтармен жабдықталған. Бүгінде денсаулық сақтау саласында төрт нысанның құрылысы жүріп жатыр және сейсмостұрақтылықты күшейту жұмыстары жүргізілуде», — деді.



Бұл балалар жедел медициналық жәрдем орталығының қабылдау бөлімшесінің жаңа корпусының, «Кемел» және «Мамыр» шағынаудандарында 200 орынды отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы.

Сонымен қатар, биыл «Нұршашқан», «Қарасу», «Саялы» ықшамаудандары мен Айбасов көшесінде орналасқан отбасылық-дәрігерлік амбулаториялардың құрылысы басталады.

Тамыз айында «Айнабұлақ» ықшамауданындағы №11 қалалық аурухана ғимаратының сейсмостұрақтылығын күшейту жұмыстары аяқталды. Биыл 80 мың төсек-орынды №7 Қалалық клиникалық аурухананың қабылдау бөлмесі пайдалануға берілді.

Спорт кешендері салынып жатыр

Шаһар тұрғындарының денсаулығы, салауатты өмір салтын қалыптастыруда спорт ғимараттарын салу — қалалық саясаттың маңызды бағыты.

— Алматының кішкентай тұрғындары мен жастарын қолжетімді спорт секцияларымен қамтамасыз ету, халықты салауатты өмір салтына тарту, ұлт денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында «Жас қанат», «Алатау» және «Зерделі» ықшамаудандарында үш дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынуда», — деді Ұ.Оңалбаев брифинг барысында.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Енді аз күнде жаздың жайдары күндері алыстап, күздің қара суығы басталады. Осындайда «қыстың қамын жаз жаса, қыста қалтырамайсың» деген тәмсіл еріксіз еске түседі.

Барлық жұмыстар жүзеге асады

Рая
ЕСКЕНДІР

Шынында, қыстың қамын неғұрлым ертерек жасасаңыз, өзіңізге де, өзгелерге де тиімді түсері анық. Осы орайда Жетісу аудандық коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Қуаныш Сейтімбетовке хабарласып, ауданның алдағы жылу маусымына дайындығы жайын сұраған едік.

— Қазіргі таңда аудан көлемінде жоспарланған жұмыстар бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр. Жылу маусымы басталғанға дейін барлық жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асады деп күтілуде.

Жалпы, біздің аудандағы 22 мектеп, 22 мектепке дейінгі мекеме мен 4 денсаулық сақтау ұйымы алдағы жылу маусымына жүз пайыз дайындықпен сақадай-сай отыр. Сонымен қатар, аудан көлеміндегі 569 көпқабатты үйлердің де қысқы маусымға дайындығы 90 пайыз. Енді аз күнде қалған көпқабатты үйлерге қатысты жүргізіліп жатқан жұмыстар толығымен аяқталуы тиіс. Алғашқы кезекте жылу маусымына әлеуметтік нысандар, содан кейін көпқабатты үйлер қосылатын болады, — дейді бөлім басшысы.

СПАРТАКИАДА

ЖҰМАҒА ЖИНАЛҒАН ЖАМАҒАТ

Спорттық спартакиадада бақ сынады

Алматы қалалық Дін істері басқармасы дәстүрлі Исламның сан ғасырлық өнегесін қолдап қана қоймай, діндар азаматтардың спортпен үздіксіз айналысуы үшін де барлық жағдайды жасап отыр. Соның бір дәлелі — «Ұлттық мұра» бағдарламасы мен қалалық Дін істері жөніндегі басқарманың бірлесе өткізген кезекті спартакиадасы Алматының бес мешітінде өтті.

Жұма намазға жиналған көпшілік Конституция күніне орай ұйымдастырылған спартакиадада арқан тарту, қошқар көтеру, асық ату, армрестлинг секілді спорт түрлерінен өзара бақ сынасты. «Қошқар көтеру» бәсекесінде Қастер Сарқытбек 2 минут ішінде үлкен қошқарды 75 мәрте көтеріп, жүлдені бәсекесіз алып кетті. «Арқан тартушылар» сайысында «Көксарай» тобының апайтөс жігіттері топ жарса, білекті жігіттердің бәсекесі — «Армрестлингте» Абзал Пірімбек өзіне қарсыласты шақ келтірмей, тұғыр биігінен көрінді. «Асық атуда» ұлттық спортымызды мықты меңгерген Тәһір Ғарифолла мергендік танытып, бас жүлдені иеленді. «Жамағат арасындағы жарыстарға көпшіліктің қызығушылығы жыл санап артып келеді. Өзім жуырда Қонаев қаласында өткен алыптар сайысына қатысып, жүлдегер атанған едім. Жамағат арасындағы жарысты естіген соң «неге қатыспасақ» деген ой келді. Армрестлинг, қошқар көтеру сайысында күшімді сынап көрдім. Бірінде алғашқы үштікке еңсем, енді бірінде жеңімпаз атандым. Жалпы, осындай спорттық шаралар жиі өткізілсе, елдігіміз артып, мешіт жамағатының бірігі нығая түседі», — дейді жеңімпаз атанған Қастер Сарқытбек.

Жұртшылыққа арналған бірегей жобаның мақсаты — қала тұрғындарын жүйелі түрде дене тәрбиесі мен спортқа тарту, бұқаралық спортты дамыту және салауатты өмір салтын ұстануға шақыру. Дәстүрлі діндер арасындағы ауызбірлік пен татулықты, тыныштық пен тұрақтылықты, бейбітшілік пен ынтымақты дәріптеу. Жарыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлер ұйымдастырушылардың бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ДОДА



Көк түрік тарландары

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматы қаласында орналасқан Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне қарасты Армияшылардың Орталық спорт клубында (АОСК) Unifight әмбебап жекпе-жектерден ерлер мен әйелдер арасында «Көк Түрік тарландары» деп аталатын ел кубогы жолындағы жарыс дүркіреп өтті.

Мәдениет және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан ардагерлері қауымдастығы және Aamanat партиясының

мұрындық болуымен ұйымдастырылған дәстүрлі додаға Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, Алматы, Жетісу, Түркістан, Жам-

был, Қызылорда, Ақтөбе, Қостанай, Атырау және Маңғыстау облыстарынан келген спортшылар қатысты. Олардың арасында халықаралық және республикалық жарыстарда жүлде алып жүрген спортшылар да болды.

Аталған іс-шараның ашылу салтанатына Парламент Мәжілісінің депутаты, Unifight әмбебап жекпе-жек федерациясының президенті Бақытбек Смағұл, сол ұйымның вице-президенті Олжас Әкімов, Aamanat партиясы Алматы қалалық филиалы төрағасының орынбасары Қайрат Бисембаев, Алматы

қалалық спорт басқармасы басшысының орынбасары Бекжан Онжан, АОСК-ның басшысы, Олимпиада чемпионы Ольга Шишигина және тағы басқа азаматтар мен спорт ардагерлері қатысты.

«Көк Түрік тарландары» деген атауға ие болған жарыстың мәні де, маңызы да зор. Оның негізгі мақсаты — Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарындағы өзінің жауынгерлік ұранын айта алатын, тәуелсіздіктің тұрағы болуға жарайтын жалынды әрі айбынды жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелеу. Осы принципті басылыққа ала отырып, жыл сайын осындай керемет іс-шара ұйымдастырып келеміз. Бұл жарысқа Қарулы Күштерден бөлек, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Мемлекеттік күзет қызметі, Ішкі істер министрлігінің сардарлары мен сарбаздары да қатысуда. Себебі, пышақ лақтыру, кедергілерден өту, нысана көздеу және жекпе-жекке шығу әскери санатқа жақын спорт түрлері екені белгілі. Олай болса, біз рухы мықты, өресі биік, қандай қиындық болса да жігері жасымайтын, сағы сынбайтын сайыпқырандарды тәрбиелеуіміз керек. Бір сөзбен айтсақ, Қазақстанның Қарулы Күштері әлсіз болмауға тиіс, — деді Парламент Мәжілісінің депутаты, Ауған соғысының ардагері, Unifight әмбебап жекпе-жек федерациясының президенті Бақытбек Смағұл.



БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

КОНСТИТУЦИЯ ЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ТЕҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Алматыдағы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Конституция күніне орай баспасөз мәслихаты өтті. Онлайн-жиынға Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы Ұлан Қажыкен мен Алматы қалалық сотының судьясы Руслан Бәйішев қатысты.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Ұлан Қажыкеннің айтуынша, Конституцияда сот билігі туралы тарау аса маңызды. Өйткені, сот билігін белгілеу бұл азаматтардың, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың құқығын, бостандығын және заңды мүддесін қорғап, Конституцияны, заңдарды, басқа нормативтік актілерді және Қазақстан Республикасының халықаралық келісім-шарттарын орындауды қамтамасыз етеді.

«Соттардың негізгі қызметі – әділ төрелік ету. Әділ сот – заңдарды негізге ала отырып, азаматтық және қылмыстық істерді қарайтын мемлекеттік іс-әрекеттің түрі», – деді судья.

Биліктерді бөлудің конституциялық принципі адамның және азаматтың құқықтарын және бостандықтарын қорғау үшін әлемдік тәжірибені негізге алып, реформалардың қажеттілігін ұсынады. Осы орайда медиация рәсімін немесе дауларды балама реттеуді перспективті бағыттардың бірі ретінде көрсетуге болады. Бұл судьялардың жұмыс жүктемесін азайтуға және қоғамдағы қақтығыстарды соттан тыс шешуге бағытталған. Сондықтан алдағы уақытта медиацияның өзектілігі артақ.

«Тың бағыттардың бірі – сот процесінде жаңа технологияларды қолдану. Бұл ақпараттық жаңашылдық сот өндірісін әрі қарай жетілдіруді көздейді. Нәтижесінде азаматтардың әділ сотқа қолжетімділігі жеңілдейді, ал екінші жағынан соттардың жұмысын жеңілдетеді, бюрократияны және қағазбастылықтың алдын алады, жалпы алғанда ақпараттық технологияны дамыту әділ сотты жүзеге асырудың

ашықтығына қол жеткізуге бағытталған», – деді Ұ. Қажыкен.

Қазақстанда әділ сотты дамытудың және жетілдірудің осы және басқа да өзекті бағыттарының астарында әділ сотты оңтайландыру, барлық азаматтарға әділ сотқа теңдей қолжетімдіктерін қамтамасыз ету мақсаты жатыр. Әділ сотты жүзеге асыру құқықтық және демократиялық мемлекеттің талаптарына жауап беруі тиіс. Әлемдік сот тәжірибесінде халықаралық тәжірибенің озық жетістіктерін ескере отырып, қоғамның қажеттілігін ескеруге қадамдар жасалады.

Спикер сөзін қорытындылай келе, қазіргі заманғы қазақстандық сот жүйесі жетілу сатысында екенін, әрі қарай судьялардың кәсіби деңгейін арттырумен, күшті және дербес сот билігін қалыптастыру, сот беделін және оған қоғамның сенімін қалыптастыру, қоғамның құқықтық санасын арттыру бойынша жұмыс жүргізу қажеттігін айтты.

Брифингте сөз алған Алматы қалалық сотының судьясы Руслан Бәйішев Қазақстанда жүргізілген реформалар мен референдумдар сапалы қадам болғанын атап өтті.

«Қазақстан – 30 жылдан астам уақыт бойы құқықтық жүйені қалыптастыру, қоғамды қалыптастырудың әлеуметтік-экономикалық моделі бойынша өз жолымен жүріп келе жатқан тәуелсіз мемлекет. Конституция 1995 жылы бүкілхалықтық референдумда қабылданды және сол күннен бастап ол тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуының негізгі кезеңі болды. Жақында ҚР Конституциясына «Екінші республиканың» құрылуына алып келген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Біз жаңартылған Конституция күнін алғаш рет атап өтудеміз», – деді Руслан Жолымбетұлы.



Судьяның айтуынша, қазіргі уақытта сот жүйесі азаматтардың құқығын, мемлекеттік мүдделерді, қоғамның қоғамдық және экономикалық негіздерін қорғайды.

«Негізгі Заң біздің еліміздің аумағында тікелей қолданылады және соттар Конституцияны өздерінің сот актілерінде қолданады және оған тікелей сілтеме жасайды», – деп жалғастырды судья.

Ол, сондай-ақ, елдің Негізгі Заңына өзгерістер мен толықтырулар қабылданғанға дейін болған Конституциялық кеңес оның нормаларын түсіндірген орган болғанын хабарлады. Өзгерістерден кейін Конституциялық сот құрылады, ол азаматтардың Конституция нормаларын әлемдік стандарттарға сәйкес тікелей, толық және ең бастысы, түсінуге құқықтарын қорғауға кепілдік береді.

«Еліміз посткеңестік кеңістікте құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жүйе-

ні жаңғырту бойынша көшбасшы. Бізді Ресей Федерациясында АТ-технологияларды, электрондық үкіметті дамыту бойынша озық мемлекет ретінде үлгі етіп отыр», – деп атап өтті Руслан Бәйішев.

Журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, Алматы судьясы Қазақстан Конституциясы мемлекет қалыптасуындағы кепіл, тірек және іргетас болып табылатынын атап өтті. Соттар өз кезегінде азаматтардың құқығын қорғауды қамтамасыз етуді жалғастыра береді. «Конституцияны дамытудың жаңа кезеңі Мемлекет басшысының, бүкіл қоғамның алға қойған міндеттеріне қол жеткізетініне сенімдімін. Сот жүйесі біздің азаматтарымыздың барлық сұраныстарын орындауға тырысады», – деп толықтырды ӨКҚ спикері.

Брифинг соңында Руслан Бәйішев алматылықтар мен ел тұрғындарын Конституция күнімен құттықтады.

БРИФИНГ

Жастардың мақсаты – экологиялық мәселелерді шешу

Биыл Семей ядролық полигоны жабылғанына 31 жыл толды. 2016 жылдың 1 қарашасында ҚазҰУ студенттері «Невада–Семей» қозғалысы ұйымын құрған болатын. Таяуда Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Семей ядролық полигоны жабылған күніне арналған брифинг өтті. Сол жиында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Невада–Семей» жастар ұйымының басшысы Гүлжанат Танабекова ұйымның мақсат-мүддесі туралы баяндап берді.

Кеңес заманында Семей жерінде Қазақстан аумағының бүкіл шығыс бөлігінің радиациялық ластануына әкеп соққан жүздеген сынақтар өткізілген еді. Г.Танабекованың айтуынша, Семей ядролық полигонының жабылуы қазақ халқы көптен күткен тағдырлы шешім болды. Қазақстан Республикасы әлемдік тарихта өлімге әкелетін ядролық полигонды жауып, оған тиесілі жаппай қырып-жою қаруынан өз еркімен бас тартқан бірінші ел болды.

«29 тамыз – Қазақстан Республикасы, әлемдік қауымдастық және жаландық антиядролық қозғалыс үшін тарихи күн. Бұл күні 1991 жылы Тұңғыш Президент Невада полигонынан кейін қуаты жөнінен әлемде екінші орын алатын «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлыққа қол қойды. Еліміздің ұсынысы бойынша 2009 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы бұл күнді Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні деп жариялады», – деп хабарлады ӨКҚ спикері.

Қазақстан Семей ядролық полигонын жауып қана қоймай, әлемдегі қуаты бойынша төртінші ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартты. Біздің еліміз ядролық қарудан бас тарту үлкен қауіпсіздік пен экономикалық өркендеуге, шетелдік инвестициялардың келуіне әкелуі мүмкін екенін өзінің үлгісімен дәлелдеді. «Біздің жастарымыз бейбітшілік эстафетасын қолдарына алып, ядролық қарумен және экологиялық проблемалармен күресте жаңа кезеңді бастап жатыр. Экологиялық мәселелер қазір ең өзекті мәселеге айналған. Біздің ұйымның мақсаты – ядролық қаруды сынау салдарына байланысты экологиялық мәселелерді шешу үшін бүкіл Қазақстан жастарын біріктіру. Семей полигоны туралы көптеген кітаптар мен ғылыми басылымдар жазылды, бірақ соған қарамастан полигонның экологиялық жағдайы жеткілікті зерттелмеген», – дейді Г.Танабекова.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Невада–Семей» жастар ұйымының міндеттері тізіміне ядросыз тұрақты әлемді қалыптастыру, жастар арасында бітімгершілік бастамаларды насихаттау, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев – Атом жобасы мен «XXI ғасыр: соғыссыз әлем» манифесі, сондай-ақ «Невада–Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының мақсаттары мен міндеттері, ғылыми жобаларды дайындау және т.б. кіреді.

Айнұр НҰРСАБЕТ.

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ



Көне карталар галереясы ашылды

Конституция күні қарсаңында ҚР Ішкі істер министрлігіне қарасты Алматы академиясында айтулы оқиға болды. Нақтырақ айтсақ, елімізде тұңғыш рет көне Қазақ мемлекетінің Карта галереясы ашылды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Карталар галереясына Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университеті Заманауи зерттеулер институтының директоры, 15 жылдан астам уақытын дүние жүзінен

Қазақ мемлекетін көрсететін көне карталарды іздеуге арнаған Мұхит-Ардагер Сыдықназаровтың өзі келіп қатысты. Көп жылғы ғылыми ізденістердің нәтижесінде XV ғасырдан бергі мемлекеттігімізді растайтын 300 тарихи карта ғылыми айналымға енгізілді.

Сондай-ақ, «Қазақстанның тарих толқынындағы үздіксіз мемлекеттілігі. XVI–XIX ғасырлардағы еуропалық және американдық карталардағы Қазақ мемлекеті. Атлас» атты кітап 2021 жылдың соңында Брюссельде қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жарық көрді. Онда сирек кездесетін 130 ортағасырлық карта (1562–1879 ж.ж.) хронологиялық тәртіппен сипатталған, сараланған, жүйеленген, аударылған, толық деректері мен ғылыми-техникалық параметр-

лері берілген. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жоғары бағалаған авторлық сипаттамалар мен пікірлер де бар.

Аталған еңбектің Тәуелсіздік жағдайында қоғам руханиятын жаңғыртудың, оның ұлттық санасы мен ұлттық мақтанышының, тарихи жадының өсуінің, Отанның объективті және шынайы тарихын қалпына келтірудің белсенді үдерісі жүріп жатқан кезде Жаңа Қазақстан құру үшін маңызы зор. Академия қонағы №2 факультет тыңдаушыларына лекция оқу барысында Қазақ мемлекетінің тарихи тәжірибесіне талдау жасай отырып, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қазіргі геосаяси процестерге ғылыми тұрғыдан баға беру мәселелеріне ерекше назар аударды.



САРАПТАМА

БАҒА ТҰРАҚТАЛА МА?

Азық-түлік бағасының заңсыз көтерілуіне байланысты қаланың сауда нысандарына тұрақты мониторинг жүргізілуде

Ораза-намаз тоқтықта, қазіргі алмағайып, дағдарысты заманның басты тақырыбы саясат та, басқа да емес, күнделікті тамақ болып тұр. Мұны мегаполис жұртшылығы күн өткен сайын айқын сезіне түсуде.

Себебі, баға күнде құбылады, ақиқатында күнде өседі. Тіпті, бір күнгі баға екінші күнгі тамақ нарқына сәйкеспейтіні де өтірік емес. Ал бұл дегеніміз, шын мәнісінде әлеуметтік күйзеліс тудыратын тенденция.

Жасыратыны жоқ, планетадағы азық-түлік тапшылығы күні бүгін Біріккен Ұлттар Ұйымының мінберінен де айтыла бастады. Әлбетте, оған алдымен Шығыс Еуропадағы әскери қақтығыстар, сондай-ақ ғаламдық инфляция деңгейі тікелей әсер етуде.

Басқаны былай қойғанда, инфляция мен оған ілесе келген азық-түлік тапшылығы мен қымбатшылығы, бұрынғы ішкені – алдында, ішпегені – артында Батыс Еуропа елдерінің өзін алаңдата бастаған жайы бар. Мәселен, кәрі құрылықтағы экономикасы ең мықты деген Германияның өзіндегі инфляция көлемі бұрын-соңды болмаған 10 пайыздық межеге жетіп, азық-түлік бағасы шарықтап шыға келді.

Дереккөздерге қарағанда, азық-түлік қымбатшылығы алдымен халқы тығыз ірі мегаполистерде айқын байқалауда. Қазақстанға қарата айтар болсақ, біздегі халқы миллионнан

асқан үш ірі мегаполистің ең үлкені Алматыдағы жағдай қандай?

Ақиқатына келсек, дәл осы мәселенің тұтас мемлекет үшін аса үлкен әлеуметтік-саяси мазмұны бар. Себебі, Алматы – республикадағы саяси тұрғыдағы ең белсенді шаһар әрі тұрғындары да көп.

Жақында Алматы қалалық кәсіпкерлік және инвестиция басқармасы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына байланысты деректерді ақпарат айдынына шығарды.

Сөз арасында айта кетуге тиістіміз, өткен жылдан бері тұтастай республикада бірінші сұранымдағы тауарлар 20 пайызға қымбаттады деген ресми деректер келтірілуде.

Алматыдағы мәліметтер де соны растайтындай. Алматы қалалық Статистика департаментінің деректері бойынша қаладағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының орташа бағасы биылғы 2 тамызда былайша көрсетілді: ұнның бір киосы – 258, нан – 95, рожки – 245 теңге.

Кәсіпкерлік басқармасының болжамы бойынша, «баға Азық-түлік корпорациясы тарапынан астық қоры жеткізілісімен тұрақталуға тиіс». Мұндайда аузына – май дегеннен басқа ештеңе айта алмаймыз.

Шынында да, биыл елде астық бітік. Үстіміздегі жылы қазақ дикандары 18 млн тонна астық жинайды деген болжам бар. Елдің нан өнімдеріне деген ішкі сұранымы – 7-8 млн тонна шамасында. халықтың тағы да бір сұранымға ие тауары – сиыр еті. Оның Алматыдағы қазіргі құны – 2347 теңге, ал құс еті – 1219, пияз – 195, сәбіз – 211, картоп – 181, қырыққабат – 92 теңге тұрады.



Саудада «маусымдық өнімдер» деп аталатын азық-түлік түрлері бар. Яғни олар – маусымға сай бағасы тұрақталатын, кейде тіпті арзандайтын өнімдер. Қазір мегаполиске Алматы, Жамбыл және Түркістан облысынан жаңадан өскен көкөніс түрлері жеткізілуде. Кейбір көкөніс түрлерінің бағасының тұрақталуы соның әсері, дейді сарапшылар. Алдағы уақытта, жылдың соңына дейін Алматыға тағы да қосымша 74 мың тоннаға жуық көкөніс жеткізілмек. Тамыз айының басында Алматыда сүттің 1 литрі 328, айран – 379, сары майдың 1 келісі – 3397, ірімшік – 1940, күріш – 292, қарақұмық – 516, өсімдік майы – 879, жұмыртқа – 460, тұз – 66 теңгеге саудаланыпты.

Соңғы кездің айғайы көп қанттан кейінгі екінші дақыртты, даулы тамағы – жұмыртқа. Қант туралы айтпай-ақ қоялық, осы жұмыртқаға байланысты да біраз әңгіме болғаны есімізде. Себебі, Қазақстанның өзінде алынған жұмыртқа өз халқына толық жетеді. Кейбір дереккөздері басқа тағам түрлерімен бірге жұмыртқаның да қымбаттауын сыртқа экспортталуымен байланыстырған кезі де өткен. Алайда, соңғы кезде жұмыртқаның аз да болса арзандағаны байқалады.

Құз – тосапты маусым. Ал тосаптың негізгі шешуші тетігі – қант. Биылғы күзде қанттың елдегі ішкі тәуліктік сұранымы бұрынғы 120 тоннаның орнына 250 тоннаға бір-ақ жетті. Мегаполис өзіне қажетті қанттың 40 пайызын Алматы облысынан сатып алады. Дегенмен, бұл да проблеманы шеше алмағаны белгілі. Соның салдарынан қант бағасы күрт көтеріліп кетті.

Осыны ескерген қала басшылығы 16 шілдеден бастап жексенбі күні өтетін қаланың 5 жәрмеңкесінде қанттың 530 теңгеден сатылуын қадағалады. Осындай тәсілмен өткен үш аптада 40 тоннадан астам қант сатылған көрінеді.

Алайда, соңғы аптада тұрғындардың қантқа деген сұранымы тәулігіне 150 тоннаға бір-ақ шарықтады. Қазір бағаның тұрақтандырылуы мен заңсыз көтерілуіне байланысты азық-түлік бағытындағы барлық сауда нысандарында тұрақты мониторинг жүргізілуде. Кейбір азық-түлік түрлерінің аз да болса арзандауын мамандар осымен байланыстырып отыр.

Өмірзақ МҰҚАЙ,
«Almaty aqshamy» газетінің экономикалық сарапшысы.

МӘСЕЛЕ

МҮГЕДЕКТЕР МҰҢЫН КІМ ТЫҢДАЙДЫ?

Бізде мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқығын қамтамасыз ету мәселелері әлі толыққанды шешілмей келеді. Осы ретте мүгедектерге қатысты кейбір қоғамдық ұйым өкілдерінің басшылары «Мүгедектер мәселесін түбегейлі шешу үшін мемлекет тарапынан арнайы орган керек екендігін» алға тартады. Шынында да, бізге тек мүгедектер мәселесімен шұғылданатын арнайы мемлекеттік орган керек пе? Бүгін осы мәселені талқылағанды жөн көрдік.

жұмыстары толып жатыр. Қазіргі таңда елімізде мүгедектер мәселесін тек қоғамдық ұйымдар ғана жан-жақты көтеріп жүр.

Алайда, мүгедектер әлі күнге дейін өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезіне алмай келеді. Өйткені, көпшілік жерде үйдің айналасынан бастап, қоғамдық көлік пен кеңселерге дейін мүгедектерге ешқандай жағдай жасалынбаған. Ғимараттардың барлығында дерлік мүгедектік арбамен жүретін жолдар мен қондырғылар орнатылмаған. Кеңес кезінде көптеген қалаларда бағдаршамдар қызыл жанып тұрғанда арнайы дыбыс беретін сигналдар орнатылушы еді. Қазір ол жоқ. Қоғамдық көліктер мүгедектердің мініп-түсуіне қажетті жабдықпен жабдықталмаған. Тұрғын үй кешендерін, ғимараттарды саларда мүгедектердің жағдайы ескерусіз қалған. Енді мұның барлығын ретке келтіру үшін не істеу керек? Құрылыс компаниялары биік ғимараттар салып жатқанда мүгедектер «мұны маған ыңғайлы етіп сал» деп айта ала ма?

Шындығына келсек, мүгедектердің сөзіне олар пысықып та қарамайды. Сондықтан мүгедектердің мәселесімен айналысатын арнайы орган болатын болса, олар айыппұл салады, егер тыңдамаса сотқа береді, әйтеуір мемлекеттік орган болғаннан кейін қолында күш бар, сол арқылы шеше алады. Тіпті керек болса, мұндай құрылым тікелей Президентке немесе Үкіметке бағынуы тиіс. Ал қазір мүгедектер мәселесімен министрлік айналысқанымен, олардың мүгедектер бөлімінде жұмыс істейтін кадр аз. Олар бүкіл Қазақстан мүгедектерінің жағдайын жасай ала ма? Немесе министрліктің әр аймақтағы басқармаларында мүгедектікпен айналысатын екі-үш адам не тындыра алады? Қазір кейбіреулер «Мүгедектерге мемлекеттік құрылым неге керек, онсыз да министрлік бар, түрлі қоғамдық ұйымдар бар, енді тағы да мемлекеттік орган ашып, ақша шығындаудың керекі не?» деп жатады. «Қыруар қаржыны желге шашқанша, одан да ол қаражатты мүгедектерге берудің тетігін қарастырайық» дейді.

Жарайды, ол қаржыны мүгедектерге берейік. Бірақ олар оны не істейді? Мүмкіндігі шектеулі жандар мүгедектердің

ғимараттарға, қоғамдық көліктерге кіріп-шығуын, бағдаршамдарға сигнал қондырғыларын орната ала ма? Жоқ. Сондықтан мұнымен айналысатын арнайы мемлекеттік орган қажет. Сонда мүгедектер мәселесінде біршама проблемалар шешілген болар еді.

Тым болмаса, министрліктің ішіндегі мүгедектер мәселесімен айналысатын штатты көбейтіп, олардың құзыретін кеңейтіп, жұмыс істеуіне жағдай жасайық. Құзыреті күшейсе, олар қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жұмыс істесе, олардың көтерген мәселелері ескеріліп, шешу жолдарын Үкімет



бірлесіп атқарса қандай тамаша болар еді. Ең болмаса, сол бар органның өзінің жұмысын тиімді етіп, мүгедектерге жағдай жасай алсақ, қанеки.

Өкінішке орай, қазір мүгедектердің мәселесі шаш-етектен. Олардың алатын жәрдемақылары мардымсыз, арнайы жұмыспен қамтылып отырған жоқ, тіпті көп ғимараттарда лифтілер жоқ болғандықтан, мүгедектер үйлерінен шыға алмай қамалып отыр. Мұны білдей бір министрлік шеше алмауда. Сондықтан олардың құзыретін кеңейтіп, талапты күшейтіп, қадағалауды қатаңдатқанымыз дұрыс. Қазір көзі көрмейтін мүгедектерге арнайы көмекші бекітілмеген, оларды қасында бір адам жетектеп жүрмесе қалай жүреді? Санаторийлерге барайын десе, апарып-әкелетін ешкім жоқ. Қазір олар тағдырдың тауқыметін тартып, үйлерінде отыр. Қазір бізде мүмкіндік бар, қаржы бар, бірақ оны тиімді пайдаланудың жолдарын қарастырғанымыз жөн. Егер арнайы орган құрылып, мүгедектер мәселесімен тікелей айналысатын штаттар көбейсе, олар қоғамдық ұйымдармен бірігіп жұмыс істеп, нақты мәселелерін тиісті органдарға жеткізе білсе, осының өзінде-ақ көп жұмыстарды тындыруға болады.

Қазақстан төрткүл дүниеге танымал ел атанып жатыр. Біреу қызғанып қарайды, біреу қызығып қарайды. Әлеуеті осындай деңгейге жеткен ел үшін мүгедек жандарға қатысты проблеманы дұрыс шеше алмауымыз елдігімізге сын емес пе? Мойындау керек, жоғарыдағы айтылған пікірлердің әрқайсысы өзінше ой салады. Ал біздің ойымызша, бұл мәселеден дау туындатпай, құзырлы министрлік бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып, ауызбіршілікпен бірігіп шешсе, біз алмайтын қамал жоқ.



Серік ЖҰМАБАЕВ



Халықаралық тәжірибені қарап отырсақ, өркениетті елдердің көбінде тікелей мүгедектер мәселесімен айналысатын арнайы мемлекеттік органдар бар. Олар басқа саламен емес, нақты осы мүгедектердің мәселесімен айналысады. Ал бізде қазір бұл Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құзырында болғанымен, олар мүгедектердің мәселесін толық шеше алмайды. Себебі, олардың мүгедектерден басқа да жұмыстары жетіп-артылады. Еңбек және еңбекақы төлеу, жұмыспен қамту, зейнетақымен қамсыздандыру деген секілді



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

ТҮРКСІБ АУДАНЫ



Ескерткіштің маңайын таза ұстайық!

«Алматы-1» теміржол вокзалының алаңында белгілі мемлекет қайраткері Әліби Жанкелдиннің ескерткіші бар. Қоладан құйылып, өрнекті белдікпен жиектелген мәрмәр тұғырға орнатылған мүсіннің жалпы биіктігі – 11 метр. Ескерткіш алаң келбетімен жарасып, вокзал үйімен үйлесіп-ақ тұр. Жолаушылар бір сәт тынығып отыратын орындықтар, заманауи үлгідегі жерге төселген брусчаткалар да Алматы көркіне сән береді. Алайда, бір әттеген-ай дегізетін жайттар бар.

Жақында елордадан достарымыз Алматыға қыдырып келіп, қайтарында вокзалдан шығарып салдық. Бірақ қонақтарымыздың алдында әбден ұятты болдық. Неге дейсіз ғой?.. Пойыз келуге әлі уақыт бар болған соң сол маңдағы Ә.Жанкелдиннің ескерткіші орнатылған шағын саябаққа барып отырайық дедік. Алыстан менмұнда лап тұрған жасыл алаңдағы орындықтардың біріне жайғастық. «Масқара! Мына жер қандай лас?» дедім іштей. Сонда елордалық досымыз:

— Алаңдар тазаланбайды-ау деймін, ә?! Бізде брусчаткаларды сабындап, езіп тұрып жуады. Көпшілік орындар жалтырап жатыр. Мынау деген сұмдық қой? — деді... Расында да, жердің барлығы түкірік пен қақырықтан сірне болып кеткен. Қоқыс, бос құтылар... Ұялғанымыз-ай! Ал әлгі ескерткіштің айналасының тазалығын айтпай-ақ қояйын. Тазалық дегенім жай сөз-ау, тіпті, дәл алдында кептер өліп жатыр. Өлексенің жатқанына да бірнеше күн болған секілді. Себебі, иісі шыға бастапты. Айналасы құстардың қаңсырығынан көз ашпайды. Өте лас. Көпшілік орындардағы ес-

керткіштер неге мұнша қараусыз жатады? Кез келген жолаушы, осы маңнан өтіп бара жатқан қала тұрғыны болсын, биік мүсінге бір қарамай өтпейді. Тіпті, қасындағы серіктесіне, баласына ескерткіштегі тұлға туралы әңгіме де айтуы кәдік. Сонда мына көріністі қалай түсіндіреміз? Қарапайым ғана тазалық жұмыстарын жүргізе алмайтын қандай мекеме өзі?! Басқа-басқа, адам аяғы бір толастамайтын осындай көпшілік орындар жарқырап жатуы тиіс. Әйтеуір есеп үшін ағүсті тазалық жұмыстарын жүргізуді тоқтату керек? Қоғам игілігі үшін атқарылатын жұмыстар барынша адал жүргізілсе дейміз... — дейді алматылық тұрғын.

Қала тұрғынының жанайқайы орынды. Егер Алматыны — туристер қаласы ретінде әлемге танытқымыз келсе, қала ішіндегі осындай құндылықтарымызды таза ұстайық. Бұл сөзімізді Түркісіб ауданы әкімдігі ескеріп, аталмыш орында тазалық жұмыстарын жүргізеді деп сенеміз. Алдағы уақытта біз қала аумағындағы ескерткіштердің тазалығы мен көрінісі жайында ақпарат беретін боламыз.

ЖЕТІСУ АУДАНЫ



Сапасыз жол

Железьяк көшесіндегі жол алдыңғы жылы ғана төселген. Алайда, арада 1 жыл өтпей ортасы тесіліп, үлкен шұңқырға айналған. Ал шұңқыр іші үйіндіге толып кеткен. Көшеміз өткен-кеткендердің қоқыс алаңына айналды деген аудан тұрғындары жолдарының сапасыздығына налып, редакциямызға хат жолдады.

— Өткен жылы ғана жаңадан жол салып, мәз болғанбыз. Алайда, қуанышымыз ұзаққа созылмады. Бір жыл өтер-өтпестен жолымыз шұрық тесікке айналды. Мына бір шұңқыр (суретте көрсетілген) менің үйімнің тура алдында, яғни Железьяк, 22 мен 26-үйлердің арасында пайда болды. Кішкентай немерелеріміз бар. Есік алдында жүгіріп ойнайды. Сол үйінді шұңқырдан қорқамыз. 4 жастағы немерем аяғын түсіріп алып, буыны ісіп кетті. Енді балаларды далаға жіберуге қорқып отырмыз, — дейді аудан тұрғыны Айжамал Саламанқызы.

Редакциямызға келіп түскен хаттан кейін, Железьяк көшесіне арнайы барып қайттық. Бір көшенің өзінен бірнеше шұңқырды байқадық. Салынғанына 1 жыл ғана болған жолдың тесіліп, желінуінің себебі қандай? Әлде, біздегі жолдардың сапасы нашар ма? Жауапты мекемелерден осы сұрақтарға жауап іздейміз.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

Жарамсыз жиектер

Сейфуллин көшесінің бойындағы жиектер тағы да жөндеуден өтіп жатыр. Бұл — Бостандық ауданы тұрғындарының шағымы.

— Жалпы, граниттің керемет беріктік сипаттамалары бар. Ол аязға, суға, тіпті агрессивті химиялық заттарға төзімді. Ал керемет беріктікке не бетон — тозу мен дірілге шыдамды. Бағасы бетоннан сәл жоғары гранит жиек көптеген жылдарға, тіпті ғасырларға дейін өз қасиетін жоғалтпайды. Алайда, қаладағы жиектерді жыл сайын қазып алып, жол бойында келеңсіздік тудыруға не себеп? — дейді аудан тұрғыны Эльмира Есілқапқызы.

Мәселені аудан әкімдігіне жолдадық. Олар «хабарламаны алдық және сізге алдағы күндері жауап береміз» деп жауап қатты. Әкімдіктен жыл сайын қайталанатын жөндеу жұмыстарының нақты себебін айтуды сұраймыз.



НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ



Қоқыс салатын жәшік керек

«Қарағайлы» ықшамауданындағы Тәжиев көшесінің тұрғындары орталық көшелерге арнап қоқыс жәшіктерін қоюды сұрайды.

«Жалпы, ауыл келбеті — көше тазалығынан көрінеді. Мәселен, біздің көшемізде қоқыс салатын жәшік жоқ. Тұрғындар күнделікті тұрмыстан шығатын қалдықтарды амалсыздан осылай пакеттерге салып көшеге қойып кетуге мәжбүр. Шашылып қалмасын деп өзіміз арнайы бөшке де қойып көрдік. Бірақ оны біреулер үптеп кетіпті. Қанша буып-түйгенімізбен, қоқыстарды көшедегі қаңғыбас иттер шашып тастайды. Тазалық осындай қарапайым ғана нәрселерден бастау алады. Біз өзіміз тұратын ауданды, аймақты өте жақсы көреміз. Ауламыздың, көшеміздің қоқысқа толып жатқанын қаламаймыз. Мүмкіндігінше

таза ұстауға, оны көріктендіруге тырысамыз. Сондықтан бізге қоқыс тастайтын арнайы жәшіктер қойып берулеріңізді өтінеміз», — дейді Наурызбай ауданының тұрғыны атынан редакциямызға хат жолдаған Қуантай Бұлтақбаева.

Тазалығы табалдырығынан басталатын қазекемнің қоқысты қоғамнан арылғысы келетінін сөздерінен-ақ аңғаруға болады. Ендеше, бұл құптарлық істі аталмыш Наурызбай ауданы әкімдігінің атқамінерлері ескере жатар деген ойдамыз. Расында да, қоғам болып қоқыспен күрескенде ғана Алматы мұнтаздай таза қалаға айналары сөзсіз. Ендігі жұмыс әкімдікте.

P.S.

Құрметті оқырман, егер сізді Алматының тыныс-тіршілігіне қатысты мәселелер толғандыратын болса, газетіміздің Facebook, Instagram әлеуметтік желілеріндегі парақшаларына жазылыңыз. Оған мүмкіндік болмаса, редакциямызға 232-36-54 телефонына хабарласуыңызға болады.

Бетті әзірлегендер
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Айжан БҮРКІТБАЕВА.



ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ

ӨНІМДІ ЖҰМЫС КЕПІЛІ – ескеруге тиіс маңызды мәселе

Жер бетіндегі алуан түрлі кәсіптің қай-қайсысында да қауіп-қатер қатар жүреді. Қауіпсіз сала болмайды. Жұмысшы қатерге тек құрылыс орындары мен адам өміріне қауіпті жұмыстарда ғана емес, кеңседе отырып та душар болуы бек мүмкін.



Соңғы 5 жылда, нақтырақ айтқанда, 2016–2020 жылдар аралығында өндірісте зардап шеккендердің саны 10,7%-ға, 1683-тен 1500 адамға дейін азайды. Оның ішінде қайтыс болғандар саны 16,2%-ға төмендеді. Статистика жөніндегі уәкілетті органдардың дерегі бойынша, 2020 жылы зерттелген кәсіпорындардың 1,6 млн жұмысшысының 367 мыңы немесе әрбір төртіншісі зиянды және қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істеген. 2019 жылы

бұл көрсеткіш 370 мың адамды құраған.

Жыл сайын өндірістік жарақаттан 200-ден астам адам қаза табады. Қаза болғандардың 65%-дан астамы жұмыс берушілердің кінәсінен болады. Жұмыс беруші мен жұмысшының заңдағы құқығы бірдей болғанымен, еңбек құқығын сақтауда ол жүрмейді.

Еңбек кодексінде 2 тараптың құқықтары теңдей жазылған. Заңгер Гүлзат Ермекбаеваның пікірінше, жұмысшы мен жұмыс

берушінің арасындағы еңбек құқының бұзылуы еңбек дауларына әкеп соғуда. Ал оны реттейтін заң болса да, ондай еңбек даулары азаймай тұр. Бүгінде еңбек етуші адамдардың құқығы бұзылғанын жиі естиміз. Жалақыларын ала алмай жүргендер де баршылық. Бұған қоса, өндірісте адамдардың жарақаттануы, қаза табу жағдайлары жиі кездеседі. Мұны тек біз емес, еліміздің Кәсіподақтар федерациясы да жасырып отырған жоқ.

ПОЛИЦИЯ

БАЛАЛАР АМАН БОЛСЫН!

Қаланың барлық мектебінде бейнебақылау орнатылған

Арнайы жиында қала мектептеріндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. Алматы қаласы полициясының басшысы Арыстанғани Заппаровтың төрағалығымен өткен жиын жаңа оқу жылының басталуына орайластырылды.



қоюға мүмкіндік береді», – деді Арыстанғани Заппаров.

Мектептерді террористік тұрғыдан осал ұйымдардың тізіміне енгізу, оларды қорғауды сапалы түрде жақсартуға тиіс. Тәжірибесі де, материалдық ресурстары да бар, қызметкерлерді оқытуға қатаң талаптар қоятын күзет компаниялары қорғауы керек.

«Абырой болғанда, өткен оқу жылы мектептерде оқыс оқиғалар болмады, ешқандай құқық бұзушылық орын алған жоқ. Мектеп оқушылары арасындағы қылмыс деңгейінің төмендеу тенденциясын жалғастыру үшін есепте тұрған қиын жасөспірімдермен және олардың ата-аналарымен мақсатты жұмысты жалғастыру қажет. Құқық бұзушылық пен өз-өзіне қол жұмсауға бейім жасөспірімдерді анықтау, қажетті мамандарды тарта отырып, олармен жеке профилактикалық жұмыстарды жүргізу жұмыстарын жалғастыру керек. Тағы бір айта кетерлігі, оқу жылының басталу қарсаңында мектептер маңында көлік қозғалысы қиындайды. 31 мыңнан астам бүлдіршін бірінші сыныпқа барады. Біз олардың қауіпсіздігін тиісті деңгейде қамтамасыз ету үшін бар күш-жігерімізді салуымыз керек», – деді А.Заппаров.

Алматы полициясы жазғы демалыс кезінде «Демалыс», «Жасөспірім» және «Түнгі қаладағы балалар» атты 3 ауқымды іс-шара жүргізді. Нәтижесінде көмелетке толмағандардың үйлерінен тыс жерде болуының 2 мыңнан астам деректері анықталды.



«Білім беру мекемесінің қауіпсіздігі – бұл білім беру мекемесінің жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарымен бірлесіп жүзеге асыратын іс-шара

болуы тиіс. Мектеп оқушыларының қауіпсіздігі білім беру мекемелері әкімшілігінің басты міндеті екендігі сөзсіз, бірақ біз де шетте қалмауымыз керек. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды бағыттардың бірі екендігін және осы бағытта жұмыс істеуіміз қажеттігін атап өткім келеді. Қалада 207 жалпы білім беру мекемесі бар, олардың барлығы бейнебақылау жүйесімен жабдықталған, 4960 бейнекамера орнатылған. Әрине, мектептерде бейнебақылау камераларының болуы құқық бұзушылықтың алдын алуға оң әсерін тигізеді, ал олардың ПД ЖБО-на қосылуы заңсыз сипаттағы түрлі көріністерге жедел ден

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Лаура ЕРБАЕВА, заңгер:

– ҚР еңбек кодексінің 202-бабына сәйкес, жұмыс беруші жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Егер мекемеде 50-ге дейін жұмысшы болса, онда штатта бір техника қауіпсіздігі инженері болуы немесе оның міндеттерімен айналысатын бір маман болуы керек. Жұмыс орнында жұмысшы саны 50-ден асса, арнайы еңбек қауіпсіздігі бөлімі болуы тиіс. Әр жұмысшы жұмысқа орналасқан кезде еңбек қауіпсіздігі ережелерімен танысып, арнайы журналға қол қояды. Жұмыс барысында еңбек қауіпсіздігін ұстануға міндетті.

Жұмыс уақытында жазатайым оқиға болған жағдайда, жұмыс беруші бірінші медициналық көмек көрсетіп, жұмысшы денсаулығына келтірілген залал шығындарын ҚР заңнамасына сәйкес өтеуге міндетті. Сонымен қоса, мұндай жағдайда оқиға орнында арнайы акт жасалып, қол қойылады.

Еңбек қауіпсіздігі ережелері тек өндірістік орындарда ғана емес, барлық жұмыс орындарында сақталуы тиіс. Мысалы, компьютерді қалай қосу, жұмыс уақыты біткенде дұрыс өшіруге дейін қауіпсіздікке жатады.

Статистика бойынша 2021 жылы 1465 адам зардап шеккен, оның ішінде 200 адам қайтыс болған. Бұл жұмыс орындарында қауіпсіздік ережесін сақтамағанның салдары деуге болады.

Мысалы, менің тәжірибемде 2019 жылы сылақшы әйел адам сатыдан құлап, жарақат алған. Жұмысшы сатыға шығып жұмыс істеудің өз ережелерін сақтамай, ең жоғарғы баспалдағына шығып кеткен. Жұмыс беруші арнайы инструктаж жасамаған. Шығындарды өтегенмен, жұмысшы денсаулығы бұдан бұлай ондай жұмыстарға жарамсыз деп танылды. Сондықтан әр жұмысшы өз құқықтарын біліп, қауіпті жұмысқа кіріспес бұрын қауіпсіздік ережелерімен таныстыруды талап ету керек.

КЕРЕК ДЕРЕК

• Жұмысқа орналасаңыз, жұмыс берушіден жұмыскер еңбек шартын жасауын талап етіңіз.

Еңбек келісім-шарты – жұмыс беруші мен қызметкер екеуара қызметтері мен міндеттерін айқындау үшін жасалатын шарт. Заңда жұмыскердің де, жұмыс берушінің де құқығы анық жазылғанын ескергеніңіз жөн.

• Келісім-шартты мұқият оқу маңызды. Түсініксіз тұстары болса, жұмысшыңыздағы немесе басқа заңгерге, құқықтық сауаты бар өзге адамның көмегіне жүгінгеніңіз абзал.

• ҚР заңнамасы негізінде әр салаға байланысты белгіленген уақыт мерзімдері бар: вахталық қызмет болса да, түнгі уақыт болса да, қосымша төленетін ақысынан бастап барлық шарты заңнама аясында жазылуы керек. Мысалы, түнде немесе негізгі жұмыс мезгілінен тыс қосымша істеген кезде және демалыс, мейрамдарда төленетін үстемақы күндік табыстан бір жарым есе артық болуы тиіс.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ



АЙЫППҰЛ ТҰРАҒЫНА ҚОЙЫЛДЫ

Қалада 2 млн теңгедей айыппұлы бар жүргізуші анықталды. 1,8 млн теңгеге жуық айыппұлы бар Toyota Ipsum көлігін шаһардың Әуезов ауданының полицейлері ұстады.

«Бұған дейін хабарланғандай, жол қозғалысын реттеудің тиімділігін арттыру мақсатында «Қорғау – Қауіпті жүргізуші» автоматтандырылған жүйесі жұмыс істейді. Ол жалған мемлекеттік нөмірлері бар автокөліктерді және сақтандыру полисінсіз жүрген шетелдік МТНБ бар автокөліктерді, сондай-ақ жалпы ағыннан көлік жүргізу құқығынан айырылған жүргізушілерді анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, бір күн бұрын Қырғызстанда тіркелген, жалпы сомасы 1 782 090 теңгені құрайтын айыппұлдары бар Toyota Ipsum көлігі ұсталды. Минивенді 55 жастағы жергілікті

тұрғын басқарған. Бұл көлік мамандандырылған айыппұл тұрағына қойылды», – деді Алматы қалалық ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасының басшысы Ержан Ұзабаев.

Спикердің айтуынша, қалада жалған мемлекеттік нөмірлерді пайдаланатын, көліктерге арнайы дабыл беру құрылғыларын орнатқан көлік жүргізушілерін, сондай-ақ көлік құралдарын мас күйінде басқарған адамдарды жауапкершілікке тарту бойынша мақсатты жұмыстар жалғасуда.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



БОКС

Қарсылас табу
ҚИЫН...

Жәнібек Әлімханұлы орта салмақтағы WBO чемпионы атанды.

WBO белбеуінің иегері америкалық Деметриус Андраде орта салмақтағы чемпиондығын отандасымыз Жәнібек Әлімханұлына қарсы жекпе-жекте қорғау керек еді. Алайда, америкалық боксшы бұл кездесуден үзілді-кесілді бас тартып, өзінің салмақ дәрежесін ауыстырды. Осылайша бүкіләлемдік бокс ұйымы (WBO) жаңа шешім шығарып, орта салмақтың чемпиондық белбеуін Жәнібекке табыстады.

Айта кеткен жөн, осы жылдың мамыр айында боксшымыз британдық Дэнни Дигнумға қарсы кездесуде «уақытша» чемпион атағын жеңіп алған еді. Ал әуесқой бокста Жәнібек Әлем чемпионы, Азия чемпионы және Азия ойындарының чемпионы атанған.



Қазіргі уақытта WBO-ның жаңа чемпионы өзіне қарсылас іздеуде. Әлемдік ESPN телеарнасының хабарлауынша, Top Rank промоутерлік компаниясы Жәнібек Әлімханұлының чемпион мәртебесіндегі алғашқы жекпе-жегін қараша айында өткізу үшін оған қарсылас іздеп жатыр.

«Деметриус Андраде менімен жекпе-жекке шықпады. Ал мен онымен кездескім келген, өйткені қарсыласымды нокаутқа түсіретінімді білемін. Деметриус менен қашып, екінші орта салмаққа ауысты. Алайда, оған алаңдама деп айтқым келеді: орта салмақтағы титулдарды біріктіргеннен кейін – біз әлі-ақ жолығамыз! Ал қазір WBC белбеуінің иегері Джермалл Чарлони жекпе-жекке шақырамын. Біз екеуіміз де чемпионбыз, сондықтан белбеулерімізді біріктірейік. Нағыз чемпиондар өзге чемпиондармен кездесуі керек. Кейбір «чемпион» сымақтардың бұлай ойыламайтыны өкінішті», – деген Ж.Әлімханұлының сөздерін ESPN әлеуметтік желілерде жариялады.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ЖАҢАЛЫҚТАР

Қазақстан спортшыларының өткен аптадағы әлемдік аренада жеткен жеңістеріне шолу жасап өтейік.



Досбол АТАЖАН

Отандық велоспортшылар Еуропа мен Азияда да көзге түсті. Қазақстан командасы Чехиядағы GP Prostějov турнирінде бірнеше медаль жеңіп алды.

Артем Захаров пен Рамис Дінмұхаметов «мэдисон» жарысында күміс жүлдеге ие болды. Айта кеткен жөн, бұған дейін Захаров омниум жарысында қола жүлде алып, Әлішер Жұмақанмен бірге скретч сайысында мәреге үшінші болып жетті. Сондай-ақ, тректегі велоспорттан Қазақстан командасының өкілі Рината Сұлтанова Тайландтағы Азия Кубогында алтын жүлдеге ие болды. Ол жеңіс ұпай бойынша есептелетін топтық жарыста үздік болды.

Ел атынан өнер көрсетіп жатқан қазақстандық гимнаст қыздар да халықаралық жарыста көзге түсті.

Венгрияның Будапешт қаласында көркем гимнастикадан Gracia Fair Cup турнирі өтіп жатыр. Жарыс барысында Айбота Ертайқызы бірден бірнеше жүлде жеңіп алды. Ол булавамен жаттығуда алтын медаль, көпсайыс пен лентада күміс алды. Сонымен

КУРЕС



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БОЗ КІЛЕМДЕ – БАЛАЛАР



Нұржамал ӘЛШЕВА

Алматыда күрестен балалар мен жасөспірімдер арасындағы KEBISPAEV LIGASY жарысының II туры өтті. I турына 130-дан астам жеткіншек қатысқан болса, бұл жолғысында спортсүйер 200-дей өрен боз кілемге шықты.

Жарыс «UWW лигасы» федерациясының қолданыстағы халықаралық ережелері бойынша өтуде. 5 турдан тұрады. Енді үш туры бар. Соңғысы желтоқсан айына жоспарланған.

Спорт бәйгесінің көздейтіні – ізімізден келе жатқан жас ұрпаққа рухани тәлім-тәрбие беру, нағыз мықтыны анықтау, бұқаралық спортты дамыту, балуандардың тәжірибесін арттыру, жаңа форматты республикалық, халықаралық дәрежеге көтеру, әділетті төрешілік жұмысын

қалыптастыру, төзімділікке баулу және жеңіске, жақсылыққа деген құштарлығын арттыру, оларға команданың мүшесі, яғни көппен бірге болуды үйрету.

Лигада спортшының жеке көрсеткіштері есепке алынады: 1-орын – 10 балл, 2-орын – 7 балл, 3-орын – 5 балл, 4-орын – 3 балл, 5-орын – 1 балл. Егер спортшы лиганың бір туры өткізетін болса, онда одан 5 балл автоматты түрде алынып тасталынады. Бұдан басқа, спорттық бәсекеден тыс жағымсыз мінез-құлық көрсететін болса да 5 балы шегеріледі.

Жарысқа 2007–2009 жылы туған 38, 41, 44, 48, 52, 57, 62, 68, 75, 85+ келі және 2010–2012 жылы туған 25, 27, 29, 31, 34, 37, 41, 45, 49, 52+ келі салмақ дәрежелері бойынша қатысуда.

Жас жеңімпаздардың шабытына шабыт қосылсын деген ниетпен грамота, кубок, белбеу сынды сыйлықтармен бірге, өзгеше медаль тағылады. Медальдың негізгі бетіне грек-рим күресінің майталман шебері, еліміздің еңбек сіңірген спорт шебері Алмат Кебіспаевтың ең жиі қолданған «питон» әдісі бейнеленген. Аталмыш әдісін ол көптеген олимпиада, әлем жеңімпаздарына жасаған. Ал екінші бетінде UWW логотипі мен өзі жүлделі болған 5 әлем чемпионаты көрсетілген.

– Бұл жарыстың ерекшелігі – боз

кілемде ығы жерге тиіп, қарсыласынан ұтылып қалған бала келесі жылды күтіп жүрмейді немесе баланың «жеңіліп қалдым ғой» деп сағы сынып, өзіне немесе спортқа ренжіп кетіп қалмас үшін бір жылда 5 жарыс ұйымдастырып отырмыз.

Мысалы, алғашқы турда ұтылып қалған жеткіншекке күш-жігерін жинап, одан кейінгі турларда жеңіске жетуіне мүмкіндігі бар деген сөз. Сөйтіп, 5 турдан кім көп жеңіске жетсе, сол жеңімпаз деген атаққа ие болады. Жалпы, спорт та өмір сияқты додадан тұрады. Жеңісімен бірге жеңілісі де қатар жүреді. Спорттың өзі баланы жеңген сәтте тасымауға, жеңілген күнде жасымауға үйретеді. Ал соның бәрін сезіну, өткеру үшін осындай жарыстар балаларға тәжірибе жинау үшін аса керек. Қазір өзіңіз білесіз, үлкен де, кіші де интернетке тәуелдіміз, балалардың қолынан ұялы телефон түспейді. Олардың көңілін жақсы дүниелерге, оның ішінде адамды төзімге, сабырлы, мықты, жігерлі болуға баулитын спортқа назарын аудару үшін осы лиганы ұйымдастырып отырмыз. Қуаныштысы сол, спортты сүйетін жеткіншектер өте көп. Олар – біздің болашағымыз, – дейді жарысқа мұрындық болған чемпионымыз, балалардың ең үлкен досы Алмат Кебіспаев.

ЖЕР ЖҮЗІНДЕГІ ЖЕҢІСТЕР



қатар, доппен жаттығуда Дильназ Байленова қола медальға ие болды.

Қазақстанның джиу-джитсу шеберлері AJF Tour Europe Youth-GI ашық Еуропа чемпионатында төрт медаль жеңіп алды.

Байрақты бәсеке Хорватияның Сплит қаласында өтті. Жарысқа әлемнің 20-дан астам елінен командалар қатысты. Қазақстан намысын армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы клубтың үш спортшысы

қорғады. 8 жасар Қазыбек Тәжібай бірінші орын алса, 12 жасар Шыңғыс Әбілқат пен 24 жастағы Самат Айтпанбет қола медаль иеленді. Жалпы, спортшыларымыз бір алтын, бір күміс және екі қола медаль жеңіп алды.

Теннис әлемінен де сүйінші бар. Қазақстандық жас теннисшілер ITF және Tennis Europe сериясы бойынша өткен турнирлердің жеңімпазы атанды.

Шолпан-Атада (Қырғызстан) 18 жасқа дейінгілер арасында төртінші санаттағы ITF жарысында Ерасыл Ерділда үздік шықты. Жұптық сында қыздар арасында Әдемі Аманкелді қырғызстандық Владислава Андреевскаямен бірге финалда ресейліктер Кристина Белкова – Ксения Крупенинаны ұтты – 6:4, 6:2.

Сондай-ақ, әлемнің 38-ракеткасы Юлия Путинцева АҚШ ашық чемпионатын жеңіспен бастады. Ол бастапқы кездесуін әлемнің 24-ракеткасы, америкалық Аманда Анисимоваға қарсы өткізді. 6:3, 6:3 есебімен аяқталған ойын нәтижесінде Юлия жеңіске жетті. АҚШ-та көзге түскендердің қатарында Александр Бублик бар. Ол АҚШ ашық чемпионатының екінші айналымына шықты. Бублик бастапқы кездесуін дүниежүзілік рейтингте 72-орында тұрған Франциялық Юго Гастонмен өткізді. Қазақстандық теннисші 6:4, 6:4, 6:4 есебімен жеңіске жетті.

23–27 тамызда Мәскеуде бильярд спортынан ең беделді жарыстардың бірі – «Кремль кубогы» халықаралық турнирі өтті.

«Құрамдастырылған пирамида» сайысы бойынша Кремль кубогын (215 қатысушы) біздің отандасымыз, Қазақстан Республикасы құрама командасының мүшесі, екі дүркін әлем чемпионы, ХДСШ Ернар Шымбаев жеңіп алды. Финалда ол Қырғызстаннан келген спортшы Дастан Лепшаковты 5:2 есебімен жеңді.



ТАЛБЕСІК

Қазір елімізде кейбір дәрігерлер «баланы бесікке бөлеуге болмайды» деп айтып жүр. Тіпті, медициналық оқу орындары да дәрігер мамандарды осылай оқытып жатқан көрінеді. Олар «бесік бала денсаулығына зиянын тигізеді, қауіпті» деген тұжырымдама жасап отыр. Бұл қаншалықты дұрыс? Қаншама ғасыр бойы пайдаланылып келген бесігіміз енді неге зиян болып қалды? Бұған қатысты мамандар не дейді?

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Бесік біріншіден, тазалық, екіншіден, баланың тыныш ұйықтауының, бойының жылы болуының кепілі. Бесіктің баланы түрлі бөле-жаладан сақтайтын киесі де бар. Қазақстанның белгілі жазушысы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза бір сұхбатында: «Мен бесікте жатқанда-ақ қарашешек деген аурумен ауырғанмын. Бұл – 1932 жылғы ашаршылық кезі еді. Сол жылдары туылғандардан аман қалғандары өте сирек. Көбісі аштық пен қарашешектен қырылды. Тіпті, әкем жарықтық менен күдер үзіп «кетті енді бұл да» деп теріс айналыпты. Маған дейін үш баласы қарашешектен көз жұмған екен. Міне, біздің қиыншылығымыздың басы. Аштықта анамыздан сүт шықпай қалғандықтан талқанды шүберекке орап, суға батырып аузыма аз-мұз тамызып отырған. Біздің бар қорегіміз осы болды. Ал енді жас балалар қынадай қырылып жатқан кезде мен неге аман қалдым? Мәселе сонда. Менің жатқан бесігім арша ағашынан жасалыпты. Білетіндердің айтуынша, сол арша бесік менің өмірімді сақтап қалыпты. Оның себебі, аршадан жасалған бесікке құрт-құмырсқа, зиянды мақұлықтар жоламайды екен», – деген болатын.

Қазақтың қасиетті бесігінің мәнін қазіргі жастар онша ұқпай жүр. Ал дәрігерлердің «баланы бесікке бөлемендер» деп үгіттеуі түптеп келгенде, ұлттық салт-дәстүрімізге жасап отырған қиянаты секілді. Сонау атам заманнан ұстанып келе жатқан ұлттық құндылығымызды енді неге жоққа шығаруымыз керек? Қазіргі «памперстердің» жарнамасы мықты, ал зияны жайлы сол дәрігерлер жак ашпайды. Бұл – дұрыс емес. Қайта бесікті жарнамалауымыз керек. Бесік балаға тазалық, алаңсыз ұйқы сыйлайды. Асты құрғақ болып тербетілгенде бала рахаттанып ұйықтайды. Жалпы, сәбиге бесіктен артық жатын орынды әлемде ешкім ойлап тапқан жоқ.

Дәрігерлердің айтуынша, қазақ халқы бесікті атам заманда көшіп-қонуға ыңғайлы болу үшін ғана жасаған екен. Бесікке бөлеген баланың денесі демалмайды, қан айналымы дұрыс болмайды және қол-аяғы құрысуы мүмкін. 2009 жылдан бері еліміздің дәрігерлері жас аналарға осындай кеңес беріп келеді.



Гүлжан
АМАНҚЫЗЫ,
балалар дәрігері:
– Қазақтар
бесікке бөлеулі ба-

ланың асты әрдайым құрғақ, яғни таза болады, сонымен қатар ат үстінде бесікті қолға ұстау ыңғайлы болған деседі. Демек, бұл қажеттілік бұрынғы дәуірге тиесілі. Қазір мұндай мұқтажы жоқ. Есесіне, неше түрлі жаялық, орама заттар бар. Медицинаға жүгінсек, бесіктің бала денсаулығына шынымен-ақ тигізер кері әсері көп. Мысалы, бесікке бөленген баланың денесі қатты буылып, оралып тасалады. Бұл нәзік, енді ғана жетіліп келе жатқан нәрестенің дене бітіміне қатты әсер етеді. Әсіресе, бұлшық еттердің дамуына кедергі болып, баланың шымыр болуына жол бермейді. Сол үшін дәрігерлер сәбиді еркін түрде өсіруге кеңес береді. Аяқ-қолы маталмаған, еркін тыныс алып, жайдары күйде жетілген баланың денсаулығымен қоса тән саулығы да шымыр әрі мықты болады. Бесіктің тағы бір кемшіні тұсы –

БАЛА БЕСІГІ

зиян ба, пайдалы ма?



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

қанайналым жүйесіне жағымсыз әсері. Қан тамырлары қысылып қалған баланың ағзасындағы қанайналым жүйесі бұзылып, түрлі ауруларға әкеліп соғуы мүмкін. Сондықтан бесікке ежелгі мүмкіншіліктердің болмауынан пайда болған тұрмыстық бұйым деп қараған жөн сияқты. Қазір бұрынғыдай жауғершілік немесе көшпелі салт орнаған заман емес. ХХІ ғасырда жаңа туған сәбилерге арналып өндіріліп жатқан керекті заттардың барлығы да ғылыми түрде зерттеліп, соның негізінде шығарылатын тауарлар. Сондықтан оларды тұтынудан қорқудың қажеті жоқ.

Дәрігерлердің пайымы – осы. Бесік бала денсаулығына зиянын тигізеді дегенді алға тартып отыр. Қазір осындай пікірлердің кесірінен бесікті қолдану бірте-бірте тұрмыс-салтымыздан шығып бара жатыр. Тіпті, бір кездері қазақ баласын бесіксіз елестету мүмкін болмаса, бүгінгі күні бесікке шоши қарайтын аналар саны артып барады.

Негізі, түсінген адамға бесіктің пайдасы шаш-етектен. Халқымыз қастерлеген бесіктің, ең алдымен, баланың тазалығы, аяқ-қолы мен денесінің түзу болып қалыптасуына тигізер пайдасы зор. Бесіктің түбегі мен шүмегі баланың дәретін жаймай, таза және ұзақ ұйықтауына жағдай жасайды. Бұл үй шаруашылығымен айналысып жүретін анаға қолайлы екені айтпаса да түсінікті. Бесіктегі баланың денесіне дымқыл, сыз дарымай, құрғақ болуы – мықты денсаулық кепілі. Бесік күн ыстықта салқын болса, ал күн суықта жылы болады. Жас бала ыстықтап көрпесін теуіп тастайтыны белгілі. Ал бесікке бөленгендіктен ол қимылдай алмайды. Бесікте күн ұзақ құндақтаулы жатқан балаға салқын да тимейді, яғни салқын тиіп ауырмайды. Ал «памперс» киіп, емін-еркін жатқан бала ербіндеген қол-аяғынан шошып, жиі оянады. Ұйқысы тыныш болмаған соң ол бала мазасыз болады. Дұрыс демалмаған мұндай балалардың зердесі толық жетілмейтіндігі медицинада әлдеқашан дәлелденген. Шошынып, дұрыс ұйықтамаған баланың жүйкесі де жұқа болып өседі. Сондай-ақ, бесік суық пен ыстықтан қорғап қана қоймай, бесіктің жақтаулары кездейсоқ құлаған заттан балаға қорғаныш қызметін атқарады.

13.55 Тұсаукесер! Анимация.
Отандық / «Дүлдүл»
14.05 «Байқа, балақай!»
танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық /
«Суперкөлік Самұрық»
14.40 «Клео мен Кукин»
Мультхикая
15.00 Жаңа маусым! «Miss
Kaussar» оқу-танымдық
бағдарлама
15.10 «Ежелгі қалаларға
саяхат» ақпараттық-
танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық /
«Қаһарман»
15.30 «Супер әке» Мультхикая
16.10 «Дарын мен Айзере»
ситком
16.25 Анимация. Отандық /
«Томпи»
16.55 «Көке» ситком
17.20 «Қонжық Расмус»
Мультхикая
17.35 «Тәжірибе алаңы» ойын-
сауықтық бағдарламасы
17.45 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
17.55 Анимация. Отандық /
«Бұзығым»
18.35 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая
18.50 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая
19.20 Анимация. Отандық /
«Суперкөлік Самұрық»
19.50 «Көңілді құндыз»
Мультхикая
20.05 Анимация. Отандық /
«Ғарышкер бала Жігер»
20.25 «Үздік
қойылым»телехикая
20.55 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»

- 21.05 Анимация. Отандық /
«Бұзығым»
21.30 «Табиғат сақшылары»
ситком
21.55 «Зак дауыл» Мультхикая
22.25 «Әжемнің ертегілері»
кешкі ертегі
22.40 «Аполлонның ерлігі»
Мультхикая
23.05 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
23.35 «Клео мен Кукин»
Мультхикая
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

- 06.00 «Фазилет ханым»
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.00 «Кеш келген махаббат»
үнді телехикаясы
11.00 «JUMBAQTIMES»
бағдарламасы
12.00 «ДАСТАН» түрік
телехикаясы
14.50 «Алдараспан»
17.50 «Tik-tok house»
телехикаясы
19.00 Тұсаукесер!
«Бақыт құшағында»
бағдарламасы
19.40 Тұсаукесер! «Жұрттың
балалары» телехикаясы
20.40 Тұсаукесер! «Көру керек»
бағдарламасы
21.55 «Кеш келген махаббат»
үнді телехикаясы
23.50 «Астанаға көктем кеш
келеді» Х/ф
02.30 «JUMBAQTIMES»
бағдарламасы



TALIMTV

- 07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Фибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақ спортының
классикасы
09.40 Айттыстар. Алтын қор
10.00 Саулықтың сыры
10.10 «Баланы бала деменіз» –
Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.30 Рухани байлық
13.10 Саулықтың сыры
13.20 Тәлім trend (Қазақстан)
14.10 Кестелі орамал
14.50 Саулықтың сыры
15.00 «Тәссаодағы тіршілік
формуласы» – 1, 2-бөлім
16.30 Ұлттық спорт –
«Тенге ілу»
17.20 Айттыс-Fights
17.40 Бабалар сөзі – өсиет
18.00 Talim Speakers
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Руханият
19.35 По душам
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.00 Бақытты отбасы 2
21.30 «Шымкентский вариант»
– Қысқа метражды фильм
22.00 Абайдың жолы
22.30 Латын
23.00 Тәлім History
23.30 Orkani style

«КЕЛІНЖАН 4», 4-маусым. Телехикая.
«Хабар» арнасы. Сағат 15.00-де.



СӘУЕГЕЙЛІК

Әлеуметтік желіні аша қалсаңыз, тікелей эфирде жол ашып, болашақты болжап отыратындарды жиі кездестіруге болады. Әсіресе, TikTok желісінде карта ашып, әрбір болжамына 500–1000 теңгеден жымқырып отыратын сәуегейлердің қатары қалың. Бір қызығы, ақшаларын аямай аударып жатқандар бар. Жиі жолданатын сұрақтарының қатарын мыналар құрайды: «қашан үйленемін?», «балалы бола аламын ба?», «қашан ақшалаы боламын?». Осы мәселе аясында журналистік зерттеу жүргіздік.

Көріпкел, балгер, құмалақшы, жүлдызшы және тәуіп. Бұлардың атаулары әртүрлі болғанымен тірлігі бір. Олар түрлі тәсілмен ғайыптан хабар берумен айналысады. Сәуегейлер болашақты болжауға карта, кофе, тас немесе құмалақ пайдаланады.

Бұрындары үйлерінде арнайы қаблдап, кезек күттіретін балгерлер, енді 2 сағат тікелей эфирде отырып, біршама адамның сұранысын қамтамасыз ететіндерін айтады.

– Мен басында YouTube желісі арқылы адам емдедім. Кейін қызым TikTok желісіне тіркеп берді. Эфирде көрсетілген нөміріме сұрақтарын жібереді, мен бірден жауап беріп отырамын. Мысалы, біреу «қашан үй аламын?» деп сұрақ қойса, картамы ашып болжап беремін. Бір сұраққа 500 теңге аламын. Тікелей эфирде көп дегенде 2 сағат уақыт жұмсаймын. Сол уақыт ішінде 200-дей адамның сұрағына жауап беремін, – дейді көріпкел Кенжегүл Анарбекқызы.

Ал «халық емшісі» атағын алған, өз қызметін заңдастырып алған емші Айнұр Тойбазарқызы халықты адастырып жүрген сәуегейлердің көп екенін айтады.

– Бір жігіт балгерге 1 млн теңге берген. Жігіт өзі машина сатумен ай-

Трендтен түспейтін



балгерлер

налысады екен. Әлгі балгер жігітке «машинаңды ұшықтап беремін, күніге 10 млн-ға сауда жасайсың» деген ғой. Осындай оқиғалар қоғамда асып жығылып жатыр. Мұндай нәрселерге заң керек. Себебі, әлеуметтік желілерде балалар да отырады. Ал ана жаққа «қара сиқырдың» түр-түрін ашық түрде жариялап қойған. Майшамды қалай жағу керек, қуыршаққа қалай ине тығу керек, барлығы айқын көрсетілген. Мысалы, жақында мынадай жағдай болды. Бір балгердің тікелей эфирінде бала көтере алмай жүрген жас келіншекке «моланың басына барып, жуаны жерге қойып, соған пышақ қадасаң балалы боласың» деп ақыл айтылып жатты. Бұл сұмдық қой. Бізде қазақта «халық емшісі» деген атау бар. Яғни емші болады ма, тек адамды емдеумен айналыссын. Ешкімді жолдан адастырып қажеті жоқ, – дейді емші.

Дінімізде болашақты болжауға қатаң тыйым салынады. Яғни балгер-сәуегейлердің де, оларға сеніп барған адамдардың да тірлігі дұрысқа баланбайды.

Сағадат МЕЙРХАНҰЛЫ, исламтанушы:

– Көріпкелдер жайлы Құран Кәрімде: «Шайтандар кімге түседі, сендерге хабар берейін бе? Олар әрбір өтірікші, күнәһарға түседі. Олар шайтандарға құлақ салады. Олардың көбі өтірікші», – деп айтылған. Ғайып тек Аллаға аян. Шын мәнінде, ғайыпты тіпті таңдаулы пайғамбар да, ең ұлық періште де білмейді. Алла Тағала: «(Мұхаммед (с.ғ.с.) Алла қаламайынша, өзін үшін пайда, зиян келтіру күшіне ие емесіпін. Егер көрместі білген болсам, әрине, жақсылықты көбейтіп алар едім. Сондай-ақ, маған бір сәтсіздік жұғыспас еді. Мен

иман келтірген елді ескертуші және қуантушы ғанамен» де», – деп, беймәлім өткен мен бұлыңғыр болашақтың ақиқаты айтылған. Фикһ ғалымдарының пікірінше, көріпкелдікпен айналысу (ғайыпты білемін деп жариялау) және сол ісін кәсіп етіп тапқан табысы – харам. Бұл шарият рұқсат етпеген жолмен келген ақша. Сонымен бірге, «тәуіпке барып өткен және болашақ жайлы немесе бір істің немен бітерін сұрау да харам» деп пәтуа берген. Айша (р.а.) анамыз риуаят етеді: «Адамдар көріпкелдер жайлы сұрағанда пайғамбар (с.ғ.с.): «Олар түкке тұрғысыз», – деп жауап береді. Адамдар: «Уа, Алла елшісі! Олардың кейде айтқан сөзі рас боп шығады», – дейді. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Ол бір шындық сөзді жын естіп, серігінің (көріпкелдің) құлағына сыбырлайды, ал ол оған жүз жалған сөзді араластырып айтады», – деген екен.

БІР САУАЛ

Баланы сүндеттеу амалы

Жалғас СӘДУАХАСҰЛЫ, философия ғылымының кандидаты, дінтанушы:



Баланы сүндеттеу амалы тек Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың емес, сонау Ибраһим пайғамбардан (ғ.с.) бастау алып келе жатқан барлық пайғамбарлардың сүннеті десек, қате болмайды. Сүндет исламда құпталған амал болғанымен оның жасалуы қажет нақты уақыты шектелмеген.

Мысалы, әз-Зуһайриден жеткен риуаятқа сәйкес пайғамбар (с.ғ.с.): «Исламды қабылдаған адамның жасы үлкен болса да сүннетке отырсын», – деп айтқан. Сонымен, баланы сүндетке отырғызу уақытын таңдау ата-анаға байланысты. Ата-ана бұл рәсімді өздерінің жағдайларына сәйкес жасауға құқылы. Сол себепті, әр халықта баланы сүндетке отырғызу жас шамасы қалыптасқан десек, қателеспейміз. Кейбір халықтар баланы сүндетке нәресте кезінде отырғызса, басқалары оның алты немесе жеті жасқа толуын күтеді. Дегенмен, дінде баланы сүндетке отырғызу амалын кішкентай кезінде жасап тастау дәстүрі қалыптасқан.

Бала бір-біріне серік болып, ойнап-күліп тез тұрып кетулері үшін қасына көрші балаларын немесе кіші інілерін де жатқызады. Себебі, мектепке баратын бала сүндетке отырғанын мақтан тұтып, өзін кіші інілерінің қасында ер-азамат сезінері сөзсіз.

ГИБРАТ

ҚАБЫРҒА ХИКАЯСЫ



«Бүгін теңіз бірқалыпты. Аздап жел соғып тұр ғой деймін. Өйткені, ана ұзақтағы кемеңің желкені желбіреп тұр. Теңіз жағалауында шағалалар ұшып жүр».

Осылайша күндер өте береді. Күндердің бірінде әлгі терезе жанындағы ақсақалдың жүрегі ұстап нашарлап қалады. Әдетте, бөлмедегі қоңырау түймесін баса қалса, дәрігерлер жетіп келетін. Ал бүгін қа-

сындағы қарт дәрігерді шақыртатын түймені баспады. Өйткені, терезеден дүниені өзі көре алмай, тек көршісін тыңдаумен ғана шектеліп жататын.

Сол есіне түсті ме, шайтанның сөзіне еріп, қоңыраудың түймесін басуға құнт таныта қоймады. Осылайша ол досын жазықсыздан-жазықсыз өлімге қиды да жіберді.

Келесі күні дәрігерлер есіктегі кісіні терезе жанындағы босаған

Бір ауруханада екі қарт жатыпты. Екеуінің науқастары бір болғандықтан, бір бөлмеге жайғастырылыпты. Тек бірі терезенің жанында, екіншісі есіктің дәл қасында жатады екен. Терезе жанындағы қарт күн сайын есік тұсындағы қарияға сырттағы тыныс-тіршілік туралы айтып отыратын:

орынға ауыстыратын болды. Осы күнге дейін тыңдауды ғана місе тұтқан адамның қуанышы қойнына сыймады.

«Енді табиғаттың сан қырлы нақыштарын өз көзіммен көріп жатын болдым» деп мәз болған қарт орнына жайғаса салып, басын көтеріп терезеге асыға мойнын созып еді, арғы жақта қара қабырғадан басқа ешнәрсе көрінбеді.

Бетті әзірлеген Айжан БҮРКІТБАЕВА.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

«Мерейлі отбасы–2022» ұлттық байқауының Алматы қаласы бойынша жеңімпазы анықталды. Жеңімпаз болып, мерей тасыған отбасын марапаттау салтанаты шаһар төрінен орын тепкен әдемі де еңселі ғимараттардың бірінде өтті. Оған осы байқауға мегаполис бойынша барлық 8 ауданнан ішінде оза шапқан отбасылар әулетімен, ағайын-туысымен, дос-жаранымен жиналды. Ғимарат іші бар жақсысын үстіне ілген үлкенге де, балаға да толды.

Баламысың деген!

Әдеттегі «дөңгелек үстел», ғылыми конференциялар немесе өзге де алқалы жиындар өтетін ресми залды әп-сәтте жылылыққа, шаттыққа, нұрға бөлеп жіберген де сол балдырғандар болды. Үш ұл бала қаз-қатар тізілген орындықтардың арасымен бір-бірін қуалап ойнап жүр. Бір балақай ұртына кәмпіт тығып алыпты, жүгіріп барады. Екінші бір бала анасына көнбей жылап тұр, ұйқысы келген секілді. Үшінші бір бала осы салтанатқа келеміз деп тым ерте тұрып алған-ау шамасы, орындықтың үстінде алаңсыз ұйықтап отыр. Екі ересектеу қыз қолды-аяққа тұрмай жүрген бір кішкентай бүлдіршіннің соңынан қалмай ілесіп жүр, көпшіліктің арасында сүрініп, құлап қалмасын дегені. Бір кезде үшеуі менің жанымдағы бос орындықтарға келді. Кішкентай қыздың қолында тәттісі бар екен.

– Маған да берші тәттіңнен, қарным ашып тұр, – дедім. «Жоқ, бермеймін» деп тықпады тәттісін, әуелі маған, яғни бейтаныс апайға көзінің астымен бір сүзіп қарап алды да, қолындағысын ақырын ғана ұсынды. Риза болдым.

– Өзің жей ғой, рахмет, көңіліңе тойып қалдым, балам! – дедім.

– Ұл емес, бұл қыз, – деді сосын әпкесі. Соған қарағанда шашын ұл секілді қидыртып қойған бүлдіршінді көрген адамның бәрі «ұл ма» деп сұрайтын болуы керек.

– Иә, білем, әдемі белдемше кигізіп қойыпсындар, жарасып тұр, – дедім сосын езу тартып.

– Бетіндегі, маңдайындағы жаралар аллергиядан ғой, оған көп нәрсе жеуге болмайды, – деп бір қойды әңгімесілі әпкесі. – Банан да жеуге болмайды.

– Балмұздақ та болмайтын шығар, ә? – деймін.

– Иә, ол да болмайды.

– Сендердің жеп жүргендеріңді көрсек, қоймай жылап сұраса қайтесіндер, беретін шығарсындар?

– Біз балмұздақты одан тығып жейміз, – деп аузын көлегейлеп сыбырлай күлді үлкені. Мен де күліп жібердім. Баламысың деген! Залда ойнап тұрған қазақы әуендер де мерекелік салтанатты осы өрендермен қоса одан сайын үстей түсті. Кез келген шаңырақтың мерейін асырып жүрген де осы балдырғандар екені сөзсіз.

СЕЗІМ, ТӨЗІМ ЖӘНЕ СЕНІМ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Үздіктердің үздігі

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы жыл сайынғы дәстүр бойынша Халықаралық отбасы күніне орай биылғы 15 мамырда басталған болатын. Байқауға қатысуға 15 мамыр мен 15 маусым аралығында қала бойынша барлығы 193 отбасы ниет білдірген болатын. 15 маусым мен 29 маусым аралығында аудандық комиссиялар өтінімдерді қарап, үздік шыққан 2 отбасыны қалалық комиссияның қарауына жіберді. Ал 12 шілдеде аудандық деңгейдегі конкурста үздік деп танылған 16 отбасының (әр ауданнан екеуден) құжаттары қалалық комиссия отырысында қаралды.

Сөйтіп, «Мерейлі отбасы – 2022» ұлттық байқауының Алматы қаласы аудандары бойынша жеңімпаздары анықталды. Олар: Алатау ауданы бойынша – Конисовтар отбасы; Алмалы ауданы бойынша – Шариповтар; Әуезов ауданы бойынша – Бейсенбаевтар; Бостандық ауданы бойынша – Қодасбаевтар; Жетісу ауданы бойынша – Майлыхановтар; Медеу ауданы бойынша – Кішкенебаевтар; Наурызбай ауданы бойынша – Жуасбековтер;

Түркісіб ауданы бойынша – Мамбеталиевтер отбасы. Үлкен экраннан осы мерейлі, үлгілі шаңырақтардың тыныс-тіршілігін бейнелейтін бейнероликті тамашаладық. Бәріне ақшалай сертификаттар табыс етілді. Ал осы отбасылардың ішінен үздік шығып, Алматының биылғы «Мерейлі отбасы» атанған – Кішкенебаевтар отбасы.

Алматының «Мерейлі отбасыларын» Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Айбар Теменов құттықтап, ізгі лебізін білдірді.

«Әке-шешем бізге үлгі»

Кішкенебаевтар шаңырағының (инженер-құрылысшылар) отағасы Бақыт Айдарұлы 2007 жылы алты ұлының біртұтас болуын, өз отбасының бірлігін нығайту мақсатында «Отбасы конституциясын» құрып, тәрбие негізін қалап, ортақ қағида қалыптастырған. Содан бері әр жылдың 20 наурызында бәрі қарашаңырақта жиналып, өткен жылға есеп беріп, «Отбасы конституциясы» бойынша қорытынды жасауды үрдіске айналдырған.

БАЛА МЕН ӘКЕ

Бақыт КІШКЕНЕБАЕВ,
«Мерейлі отбасы» байқауының
бас жеңімпазы, отағасы:

– «Мерейлі отбасы» деген мәртебеге ие болып жатқанымыз үшін қуаныштымын. Мына әпкелерің екеуіміздің отасқанымызға 45 жыл болды. Алты ұл сүйдік. Алты келін түсірдік. Бүгінде 22 немереміз бар. Жоқшылықта жасымадық, тоқшылықта тасымадық. Осынау өмірде талай белестен өттік. Көлеңкелі күндеріміз де талай болған. Ал ерлі-зайыптының арасында шынайы сезім, төзім, сенім болса, алынбайтын қамал болмақ емес. Мен өмірлік серігімді адастай тапқан бақытты жанмын. Жасы келген ата-анамды бір қабақ шытпай бақты, балаша мәпелеп қарады. Отбасындағы береке-бірліктің мығым болуына сіңірген еңбектің 1 пайызы менікі, ал қалғаны түгел осы кісінікі дер едім. Маған «сен қандайсың» деп қарсы келген жері жоқ. Сондықтан жарыма деген құрметім ешқашан аласармақ емес.

Дәулет БАҚЫТҰЛЫ,
жеңімпаздың сүткенжесі:

– Ең алғаш үйленген жылдары жас болдық па, көп нәрсенің байыбына бара бермейміз. Ал қазір өзіміз де ата-анамыз, енді әке-шешеміздің өзіміз көріп өскен бір-біріне деген сый-құрметі, қарым-қатынасы, сөйлеген сөздері, көзқарасына дейін осы күні бізге үлгі. Отбасы болған соң түрлі жағдайлар болады дегендей, напам дауыс көтере бастаса, маман үндемей қоя салатын. Ал енді бірде маманның даусы қаттырақ шығып келе жатса, әкем үнсіз қалады. Сонда екі адам бір-бірінен жеңілгісі келмей, бір-біріне сөз қайтарып, әркім өзінікін дұрыс деп отырып алса, үйден береке қашатыны, ал керісінше, екеудің біреуі төмен түсе қалса, ұрыс-керістің жолы кесілетіні анық.

Бізді ата-анамыз қатты еркелеткен жоқ. Жүгенді жіберіп қоймай, тартып отыратын. Кешке қыдырып кетсек те, уақытында оралуымыз керек болатын. «Әкең келе жатыр, әкеңе айтамын» деген сөздердің өзінде сес болатын. Біздің бәрімізге жоғары білім әперді. Адалдыққа, еңбекқорлыққа, кішіпейіл болуға тәрбиеленді. «Мерейлі отбасы» деген мәртебелі атаққа ата-анам әбден лайық деп ойлаймын.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге 3 айға – 1801,50 теңге	15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге 3 айға – 4861,50 теңге	95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге 3 айға – 1321,50 теңге
Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.		

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәс-түрлі мектебі!

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №3/314-445 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 4 сәуірдегі №3 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Отбасылық-дәрігерлік амбулатория және балабақша құрылысы үшін Нұрбақыт Ұразбекович Талдыбаевтың Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, «Д.А.Қонаев атындағы» Өндірістік кооперативі, 78/2 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-317-102-1093), жалпы ауданы – 9,5 га жер учаскесінен, ауданы – 2,1676 га жер учаске бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №3/314-446

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 4 сәуірдегі №3/18 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ағынды суларды айдау станциясының құрылысы үшін Алматы қаласының Жетісу ауданындағы «Кемел» шағынауданында орналасқан жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 4 сәуіріне дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №3/314-446 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадатрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Гусарова Лариса Алексеевна	20-314-070-071	«Кемел» шағынауданы, Өлкисса көшесі, 48	жалпы - 0,1190 үлесі - 0,0375
2	Лукиненко Ангелина Александровна	20-314-070-071	«Кемел» шағынауданы, Өлкисса көшесі, 48	жалпы - 0,1190 үлесі - 0,0125
3	Кузнецова Любовь Борисовна	20-314-070-071	«Кемел» шағынауданы, Өлкисса көшесі, 48	жалпы - 0,1190 үлесі - 0,0350
4	Филипович Мария Николаевна	20-314-070-071	«Кемел» шағынауданы, Өлкисса көшесі, 48	жалпы - 0,1190 үлесі - 0,0340

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №3/314-447

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 4 сәуірдегі №3 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Сүмен жабдықтау және су беру желілерін дамыту, ағынды суларды айдау станциясының құрылысы үшін Алматы қаласының Бостандық ауданындағы «Нұрлытау» шағынауданында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 4 сәуіріне дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №3/314-447 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадатрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Балахнин Игорь Александрович, Балахнина Регина Вадимовна	20-313-058-088	«Нұрлытау» шағынауданы, Мерген көшесі, 60/35	жалпы - 0,1500 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0017
2	Абдильманов Диас Маратович, Абдильманова Виктория Анатольевна	20-313-058-091	«Нұрлытау» шағынауданы, Мерген көшесі, 60/22	жалпы - 0,0750 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0185
3	Казанбаева Дурья Омаровна	20-313-058-186	«Нұрлытау» шағынауданы, Мерген көшесі	0,1000
4	Гумаев Мухамед Ибрагимович	20-313-058-336	«Нұрлытау» шағынауданы, Мерген көшесі	жалпы - 0,0750 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0186
5	Рахметбеков Нұрлыбек Темірбекұлы	20-313-058-361	«Нұрлытау» шағынауданы, Мерген көшесі, 60/23	жалпы - 0,1500 үлесі - 0,0750
6	Хан Алексей Федорович	20-313-058-361	«Нұрлытау» шағынауданы, Мерген көшесі, 60/23	жалпы - 0,1500 үлесі - 0,0750
7	Абдрахманова Алма Муратбековна	20-313-058-368	«Нұрлытау» шағынауданы, 60/25 учаске	0,1500
8	Карибаева Садет Исаевна, Карибаев Бакит Карибаевич	20-313-058-369	«Нұрлытау» шағынауданы, 60/27 учаске	0,0700
9	Джумамуратова Шолпан Сақтагановна	20-313-058-384	«Нұрлытау» шағынауданы, Мерген көшесі, 60/18	жалпы - 0,2200 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0805
10	Джумамуратова Шолпан Сақтагановна	20-313-058-385	«Нұрлытау» шағынауданы, Мерген көшесі, 60/16	жалпы - 0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0390
11	Басарова Мирамкуль	20-313-058-387	«Нұрлытау» шағынауданы, Мерген көшесі, 60/24	0,1500

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №3/314-448

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 25 сәуірдегі №4 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Емхана құрылысы үшін Гафура Нұртазаевна Ибраеваның Алматы қаласының Өуезов ауданындағы «Қуаныш» шағынауданы, 14/1 үй мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 1,2360 га (кадастрлық нөмірі 20-312-060-378) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы Спорт басқармасы «№4 Мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын бірінші басшысының бос азаматтық қызмет лауазымына орналастуға конкурс жариялайды.

Үміткерге қойылатын талаптар:

дене шынықтыру және спорт саласы бойынша жоғарғы білімі және профессионалдық дайындығы, кәсіпорынның профиліне сәйкес басшылық қызметте және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі болуы керек.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымында («Almaty aqshamy», «Вечерний Almaty» газеттерінде) конкурс өткізу туралы соңғы хабарландыру жарияланған кезден бастап 15 күнтізбелік күні ішінде тапсырылуы тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқталығаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;

6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Өңгімелесуге жіберілген үміткерлер Алматы қаласы Спорт басқармасында мына мекенжай бойынша өтеді: Алматы қаласы, Абай даңғылы 44, 3-қабат.

Анықтама телефондары: 8 (727) 292-41-00.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтаматына: 259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВРУ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ІС-ШАРА

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты Қазақстан Республикасының Конституция күні мерекесі қарсаңында аудан тұрғындарына арнап «Айбарлы асқар елді асқақтар Ата Заң» атты ерекше мерекелік іс-шара өткізді.

— Елдігі мен теңдігін дүниенің төрт құбыласына паш еткен Тәуелсіз Қазақстанымыздың алтын әріппен жазылған Ата Заңын қабылдағанына биыл — 27 жыл. Қоғам дамуының негізгі міндеттері мен талаптарына сай келетін еліміздің Конституциясын дамыған елдер мен халықаралық бірлестіктер танып, біліп, құрмет тұтып мойындап отыр. Ғасырлар қойнауынан сұрыпталып жеткен, ата-бабамызға арман болған тәуелсіз елдің Конституциясы күні Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі күн деп білеміз. Сіздерді айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймыз! — деп сахна шымылдығын ашқан мерекелік кештің жүргізушілері аудан тұрғындарына құттықтау жолдап, жылы лебіздерін білдірді.

«Нұркент» ықшамауданындағы Атлеттер ауылы аймағында ұйымдастырылған салтанатты іс-шараға аудан халқы өте көп жиналды. Өлбетте, мұндай салтанатты шаралардың отандық өнер жұлдыздарының қатысуынсыз өтпейтіні белгілі. Аталмыш кеште Роза Рымбаева, Талғат Күсембаев секілді танымал өнер майталмандары әннен шашу шашып, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Мәдени шарада Алатау ауданындағы шығар-



машылық ұжымдар да қалыс қалған жоқ. Балалар өнер мектебінің ұйымдастырған концерттік бағдарлама барысында мың бұрала би билеген «Жас өркен», «Ақнұр» секілді жас өнерпаз бишілер тобына сүйсінбеген жан қалмады. Қызыққа толы думанды кеште жас әншілер әуелете ән салып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Алаңның екінші шетінде қазақша күрес, асық ату, арқан тарту, тоғыз құмалақ сияқты ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізілді.

Қоғамдық серуендеумен жалғасқан мерекелік көңіл күй, әсіресе, ауданның кішкентай тұрғындарына ерекше ұнағаны анық. Өйткені, аудан әкімдігі бүлдіршіндер үшін әртүрлі ойын алаңдарын орнатыпты. Батутқа секіріп, өткеншекте шыр айналған бүлдіршіндердің алаңсыз күлкісі Алматы аспанын шайдай жарық етіп, күн сәулесін төкпесіне қоймады. Осылайша ата-әжелерімен, әке-шешелерімен бірге келген кішкентай бүлдіршіндердің бақытты шақтары мен былдырлаған

тәтті үні бүгінгі аталып өтіп жатқан мерекенің мағынасын тереңдете түскендей болды.

Еліміздің өркендеуіне және мемлекеттік биліктің қалыптасуына, экономика, әлеумет, мәдениет салаларының қарқынды дамуына жол ашқан айтулы мерекені Алатау ауданының тұрғындары осылай атап өтті. Керемет мерекелік көтеріңкі көңіл күй сыйлаған ұйымдастырушыларға жиналған жұртшылық алғыстарын жаудырды.

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

КӨРМЕ

«Шығыстың ғажайып бояулары»

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

ҚР Орталық музейі суретші-кескіндемеші Дилан Надированың «Шығыстың ғажайып бояулары» атты көрмесін ашты.

Көрме химия ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Нәдір Кәрімұлын еске алуға арналған.

Көрменің ашылу рәсімінде ҚР Орталық музейінің мәдени-білім беру жұмысы бөлімінің басшысы А.В.Кущенко, профессор, өнертанушы О.Әбішева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Жұмақын Қайрабаев, Қазақстан Республикасы Ұлттық Инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі, Диланның әкесі — Ариф Нәдірұлы Нәдіров, заң ғылымының магистранты Гуле Мусаева және көрменің авторы Дилан Надирова құттықтау сөз сөйледі.

Музейге келушілер Д.Надированың «Шығыс натюрморты», «Лезгинка», «Курт ханшайымы», «Ана мен бала», «Жайлау» және т.б. өнер туындыларымен танысты.

Еске сала кетейік, көрме 5 қыркүйекке дейін жалғасады.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Бұрынғылар күз айларын жылауық күз, жомарт күз, күрен күз, сары күз, алтын күз, т.б. деп бірнеше мезгілге бөлген. Сол талдауға жүгінсек, қазір жылауық күз (ай). Өйткені, бұл айда сылбыр жауын-шашын, өрекіпген жел көп болады.

Қазір егін орылып, қырман қызып жатқан қарбалас кез. Дикан ала жаздай төккен терінің жемісін жиып жатыр. Мұндайда ауыл карттары мен жастары қырман бастырып жатқан шаруалар қосынан табылып, ақ тілегін білдіріп, қол көмегін беріп, бұйырған кеусенін (жаңа егіннен түскен өнімнен берілетін сыбаға) алып кететін болған. Бұл амал жөнінде алдағы пайымымызда айтамыз.

Алдымызда «Масақ» амалы келе жатыр. Табиғат тамыршысы атанған көнекөз қазақ карттарының есебі бойынша, мизамның (қыркүйектің) 10–15 аралығында жүреді. Осы мезгілде егіні жиналған алқапқа малшылар мал жаяды, кәрі-құртан, бала-шаға және артық еңбек күштері атыздың масағын тереді. Сол себепті, амалдың атауы «масақ» деп аталған.

Күздің басы — қыркүйек. Үркер шоқжұлдызының бас көтеруі күйек уақытының келгенінен хабар бергендей. Малшылар «оһо, Үркер бас көтеріпті ғой, күйектің алынар кезі болып қалыпты» деп бір-біріне айтып жатады. Айдың атауы мал шаруашылығына байланысты қойылса керек. Қой мен ешкінің төлдеу мерзімін жылдың жылы айларына келтіру, малдың қоңын көтеру мақсатында жаздың басында қошқар мен текелерге күйек байлаған. Ал осы байланған күйек тоқсан күннен соң алынып, аталық малдар еркіндікке жіберілген. Осыған орай қыр қазақтары күйек ағытатын уақытты «қыркүйек» деп атаған.

«Үш ай тоқсан болғанда, Құтылар қошқар күйектен..» — деп басталатын халық жыры бұл ойымызды нақтылап тұрғандай.

Қыркүйектегі ауа райы: күн салқындайды. Шық түседі, жиі жаңбыр жауады.

ҚЫРЫҚ АМАЛДЫ ҚЫРКҮЙЕК

Шылқыған шығы, себелеген жауыны, жағымсыз желі бар
қыркүйекті қазекен «жылауық» ай деп атаған



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

АЙ ТУҒАНДА ЖӘНЕ
ТОЛҒАНДА БОЛАТЫН
ТҮЙІЛЫМ:

- Айлы түнде үйден сыртқа сүт алып шықпа (сүтке Ай сәулесі түссе, малдың желіні іседі);
- Айды саусағыңмен көрсетпе;
- Ай сәулесін бетіңе түсіртпе;
- Ай толғанда желі тартпа;
- Ай туғанда қойға қошқар жіберме;
- Ай толғанда көшпе;
- Ай толғанда қыз ұзатпа;
- Ай толғанда үй тікпе.

Шуакты күндері де бар, «Мизам шуак» деген. Айдың екінші онкүндігінде ауа райы суытқан кезде болатын шуак. Дала-

да мизамдар шұбатылып, төңіректе тыныштық орнайды...

«Сүмбіленің тууы» амалы да осы айдың еншісінде. Қыркүйектің соңғы онкүндігі ауа райы салқындап, судың суытатын кезі. «Сүмбіле туса — су суыр» деген осы мезгіл. Қыркүйектің суық айлардың керуенін бастап тұрған көшбасшы ай екенін өткенде жазғанбыз.

Біздің бабаларымыз қыркүйек (мизам) айын қуана қарсы алған. Келуін асыға күткен. Бұл ай ел байлығының еселенетін, көктемгі-жазғы шаруашылық жұмыстарының қорытындыланатын уақыты.

Үркердің басын көтергеніне, Таразының туғанына қарамастан күн әлі жылы қалпын сақтауда. Өткенде ғана жаңа ай туды. Бүгін григорианша айдың — 1-і, мұсылманша — 4-і, қазақша — 9 күннен кейін жаңа ай басталады. Айдың туысы көңілді қуантқандай, тым шалқалап жатқан жоқ. Дегенмен, айдың басы өзгеріссіз болмайды. Күздің күні тұрақсыз. Сондықтан егін жинауды, жөндеу жұмыстарын, қысқа әзірлікті, басқа да кезек күттірмейтін шаруаларды жедел жүргізе берген дұрыс.